



## "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 1180 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі**

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 184-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 1180 қаулысымен  
бекітілген

## "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспары

Кіріспе	3
1. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ағымдағы жағдайын талдау. Сыртқы ортаны талдау	5
1.1 Сыртқы ортаның шаруашылық және технологиялық факторлары. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарына әсер ететін макроэкономикалық үрдістер мен мегатрендтер	5
1.2 Сыртқы ортаның құқықтық және саяси факторлары. Мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттары	12
1.2.1 Даму тұжырымдамалары	13
2. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ағымдағы жағдайын талдау. Ішкі ортаны талдау	15
2.1 "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның және ЕҰ-ның ағымдағы құрылымы	15
2.2 ҚТК орындалуын және SWOT талдау	17
3. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ миссиясы мен пайымы	20

4. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің стратегиялық бағыттары	20
4.1 Қызметтің 1-стратегиялық бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау	20
4.1.1 Өнеркәсіпті дамыту	20
4.1.2 Микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау	24
4.1.3 Экспорттық әлеуетті арттыру	27
4.1.4 АӨК-ті дамыту	29
4.1.4.1 АӨК-тегі ағымдағы жағдай	29
4.1.4.2 Саланы дамытудың драйвері ретінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау	31
4.2 Қызметтің 2-стратегиялық бағыты. Үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамыту	33
4.3 Қызметтің 3-стратегиялық бағыты. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету	38
4.4 Қызметтің үш бағыты шеңберіндегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттер	42
4.4.1 "Жасыл" және бейтарап көміртекті экономикаға көшу	42
4.4.2 ЕҰ функцияларының портфелін оңтайландыру	50
4.4.3 Басқару функцияларын корпоративтік орталықтан ЕҰ-ның директорлар кеңесі мен басқармалары етіп орталықсыздандыру	51
4.4.4 Жұмысты ұйымдастырудың жаңа құзыреттері мен әдістерін дамыту	52
5. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2033 жылға дейінгі ҚТК	58
"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарына 1-қосымша	70
"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарына 2-қосымша	72

## Кіріспе

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, холдинг) "Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және "Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2014 – 2023 жылдарға арналған даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 қаулысымен (бұдан әрі – Даму жоспары) бекітілген және холдинг қызметінің алғашқы 10 жылында іске асырылуына "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қатысатын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарындағы бірқатар өзгерістерге, сондай-ақ бірқатар әлеуметтік-экономикалық оқиғаларға байланысты екі рет өзектілендірілген.

Осы Даму жоспары кезекті онжылдық кезеңге (2024 – 2033 жылдар) арналған кезекті стратегиялық құжат болып табылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларына сәйкес әзірленді.

Даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жолдауы шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ " АҚ-на берген тапсырмаларды, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарындағы ережелерді, сондай-ақ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне елеулі әсер ететін ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді ескереді:

1) бірқатар себептер бойынша әлемдік экономиканың, әсіресе дамушы нарықтардың өсу қарқынының қалпына келтіруін күту: пандемияның аяқталуы; энергия ресурстары бағасының өсуі; Ресей мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай және өңір мен ұлттық валюталарға қысым жасайтын тиісті санкциялардың күшеюі;

2) Мемлекет басшысы 2018 жылы Астана экономикалық форумында айтқан жаһандық бес мегатренд;

3) Мемлекет басшысының жолдаулары мен ұлттық жобаларды іске асыруға қатысу:

3.1) Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспары;

3.2) Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауы;

3.3) Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауы;

3.4) Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Жолдауы;

3.5) Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауы;

3.6) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Жолдауы;

3.7) Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Жолдауы;

3.8) Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Жолдауы;

3.9) Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Жолдауы;

3.10) Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Жолдауы;

3.11) Даму тұжырымдамалары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

Бұл құжат "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің бағыттары бойынша өнеркәсіптік-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық, өзге де салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленді және оның 2024 – 2033 жылдарға арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

## **1. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ағымдағы жағдайын талдау. Сыртқы ортаны талдау**

### **1.1 Сыртқы ортаның шаруашылық және технологиялық факторлары. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарына әсер ететін макроэкономикалық үрдістер мен мегатрендтер**

#### **Макроэкономикалық үрдістер**

Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша 2022 жылы әлемдік ЖІӨ өсуі 3,4 %-ды құрады. 2022 жылы Еуропа және Орталық Азия (бұдан әрі – ЕОА) өңіріндегі дамушы нарықтары мен экономикасы бар елдердегі экономикалық өсу айтарлықтай баяулады және 1,2 пайызды құрады, өйткені оның қарқынына өсіп келе жатқан инфляция, энергия тасығыштардың жеткізілімдеріндегі және қосылған құнды қалыптастыру тізбегіндегі іркілістер, сондай-ақ кредит-ақша саясатының елеулі қатаңдауы теріс әсер етті.

Халықаралық валюта қорының әлемдік экономиканың 2027 жылға дейінгі орташа жылдық өсуі бойынша болжамы 3 %-ды құрайды. Әлемдік экономиканың өсу қарқыны баяулайды және соңғы отыз жылдағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі болады, бұл 2009 және 2020 жылдардағы жаһандық рецессиялар кезінде байқалған көрсеткіштерден кейінгі орында. Қалыптасушы нарық пен дамушы экономикаларда инвестициялардың өсу қарқыны соңғы екі онжылдықта орташа деңгейден төмен болады деп күтілуде. Әсіресе, сыртқы саудаға, экономиканың әлсіз әртараптандырылуына, қарыздың жоғары деңгейіне тәуелді және табиғи апаттарға ұшырауға бейім мемлекеттер экономикалық күйзелістерге осал болып табылады.

2023 жылы ЕОА-ның экономикалық өсу қарқыны шамалы болып қалады, нақты ЖІӨ 1,4 %-ға өседі. Қытай мен Үндістанға 2023 жылы жаһандық ЖІӨ өсімінің жартысы тиесілі болады. Керісінше, АҚШ пен Еуроаймақта экономикалық белсенділік баяулайды, өйткені сұранысқа жоғары мөлшерлемелер әсер етеді. Барлық дамыған экономикалардың шамамен 90 %-ының өсу қарқыны төмендейді деп күтілуде. Табысы төмен елдер үшін де жағдай нашарлайды: қарыз алу қымбатқа түседі, ал экспортқа сұраныс төмендейді.

2022 жылы инфляция қарқыны күрт өсті, дегенмен 2021 жылы COVID-19 пандемиясынан кейін экономикалар ашылған сайын олардың өсуі айтарлықтай болды. Өңірдегі инфляция көрсеткіштері жоғары болып қала береді. Болжамдарға сәйкес базалық инфляция – азық-түлік пен жанармай бағасын есепке алмағанда – жоғары деңгейде қалады және оны төмендету үшін нарыққа қатысушылардың көпшілігі мен саясатты қалыптастыруға жауапты органдардың өкілдері күткеннен көп уақыт қажет болады.

Көптеген елдерде қаржылық жағдайлардың қатаңдауы жеке инвестицияларға теріс әсер етуді жалғастырады; бұл ретте негізгі орталық банктердің негізгі пайыздық мөлшерлемені одан әрі көтеру ықтималдығы артады. 2022 жылдың көп бөлігіне тән тәуекелді қабылдамау нарықтың тұрақсыз динамикасына әкелді, бұл 2023 жылы сақталған қаржылық күйзеліс қаупінің артуына себеп болды. Елеулі мемлекеттік шығыстарды ескере отырып, бір-бірінен кейінгі дағдарыстар жағдайында бюджеттік мүмкіндіктерді қалпына келтіру және өңірдің көптеген елдерінде өтімділік буферлерін толықтыру үшін бірінші кезектегі міндеттердің бірі бюджеттік шоғырландыру болады.

Орта және ұзақ мерзімді перспективада ЕОА-ның өндірістік әлеуетін арттыру үшін көптеген елдерде нарыққа көшу аяқталмаған және еңбек өнімділігінің төмендігі, қанағаттанарлықсыз білім беру нәтижелері, инновацияларды шектеулі қолдану және халықтың тез қартаюы байқалатын жағдайларда құрылымдық шектеулерді жою қажет болады. Жақында болған энергетикалық дағдарыс өңірге "жасыл" ауысу мақсаттарына жетуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Қазба отын түрлерінен жоғары тәуелділіктен

баламалы энергия көздеріне тұрақты және ақылға қонымды ауысуды қолдау саясатын қабылдай отырып, ЕОА елдері өңірдің жоғары энергия сыйымдылығын төмендетуге және қоршаған ортаның деградациясын азайтуға ықпал ете алады.

Төмен өсу қарқыны мен жоғары инфляция жағдайын ескере отырып, "өмір сүру құнының дағдарысы" проблемасы ЕОА елдері халқының өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Азық-түлік бағасы мен электр энергиясы үшін төлемдердің өсуі, ипотека құнының өсуі және жалдау ақысының өсуі, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің жоғары бағасы ЕОА аймағы елдері халқының едәуір бөлігінің өмір сүру деңгейіне нұқсан келтіреді.

Қазақстанға қатысты экономиканың өсу қарқыны 2023 жылы 3,5 %-ға дейін және негізінен көмірсутектер секторы есебінен шамалы 2024 жылы 4 %-ға дейін ұлғаяды деп күтілуде, өйткені мұнай өндіру бірнеше жаңа жобаның арқасында ұлғаюы мүмкін.

Жалғасу үстіндегі тау-кен секторына тікелей инвестициялар және үкіметтік тұрғын үй бағдарламалары инвестицияларды қолдайды. Бұл ретте үй шаруашылықтарының тұтынуының өсуі жоғары инфляциямен, кредиттер құнының ұлғаюымен және қарыздың ұлғаюымен шектелуі мүмкін.

Инфляция төмендейді деп күтілуде, бірақ 2023 жылы азық-түліктің жоғары бағасының әсерінен жоғары болып қалады. Қатаң ақша-кредит саясаты 2025 жылға қарай инфляцияның таргеттің жоғарғы шегіне дейін төмендеуіне ықпал етеді.

2023 жылға арналған бюджетте нақты шығыстардың, әсіресе әлеуметтік қамсыздандыру мен жалақыны көтеру шығыстарының бірқалыпты өсуі жоспарланған. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық қордан түсетін трансферттерді қысқартуды және уақыт өте келе мұнай емес салықтардан түсетін түсімдерді ұлғайтуды жоспарлап отыр. Мұнай бағасы төмендейді және 2023 жылы экспорттық кірістер мен ағымдағы операциялар шотының сальдосына әсер етеді деп болжануда, бірақ мұнай бағасы төмендей бергендіктен, кейінгі жылдары тапшылық болуы мүмкін.

Өңірлік тәуекелдердің ішінде экспортталатын мұнайдың көп бөлігі тасымалданатын Каспий құбыры консорциумының жұмысын, сондай-ақ табысы төмен үй шаруашылықтарының нақты тұтыну себетін төмендететін сақталып отырған жоғары инфляцияны атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасының 2023 – 2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес орта мерзімді перспективада Қазақстан экономикасы негізінен агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі – АӨК), өңдеу өнеркәсібінің, құрылыстың және көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі есебінен орта есеппен 4 % деңгейінде өсетін болады.

### Мегатрендтер

Жаһандық трендтер әлемдік экономиканың ұзақ мерзімді дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта әлемдік экономиканың даму векторын айқындай алатын заманауи мегатрендтер өзекті болып табылады.

1. Орнықты даму – бұл қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және бұл ретте болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне нұқсан келтірмейтін даму.

Әлемнің дамыған елдері даму институттары арқылы әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізу үшін негіз болып табылатын қаржылық қолдау көрсету кезінде экологиялық және әлеуметтік аспектілерге көбірек назар аудара отырып, өз экономикаларының орнықты дамуына ықпал етуге ұмтылады.

Мысалы, Германияның мемлекеттік даму банкі (KfW) өзінің негізгі қызметі шеңберінде климат пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, атап айтқанда, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларға басымдық береді. 2014 жылы KfW өзінің "Green bonds-Made by KfW" жасыл облигациялар бағдарламасын іске қосты және 2020 жылдың қорытындысы бойынша ең ірі эмитенттердің қатарына кіреді. "Жасыл облигациялар" портфелінің көлемі 2014 жылдан бастап 14,5 млрд еуроға жетті. Сонымен қатар KfW энергиямен және сумен жабдықтау, денсаулық сақтау және білім беру сияқты салалардағы жобаларды қаржыландырады.

Қытайдың мемлекеттік даму банкі (CDB) – әлеуетті жобаны оның ресурс және энергия тиімділігі тұрғысынан қарастыратын Қытайдағы "жасыл кредиттеуді" енгізудің көшбасшысы. Атап айтқанда, CDB энергия үнемдеу, зиянды шығарындыларды азайту және қоршаған орта ластануының алдын алу және т.б. жобаларға кредит береді. CDB жобалардың экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін бағалау жүйесін қолданады, бұл ретте олардың мониторингі жобаны қаржыландыру келісімшарттарының талаптарына кіреді. Осылайша, CDB ауыр оқиғалар мен жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері тиісінше басқарылмаған жағдайларда қаржыландыруды тоқтату құқығын өзінде қалдырады. Қытайдың банк секторының құрылымындағы CDB "жасыл жобалар" портфолиосы айтарлықтай үлесті алады.

2. Индустрия 4.0: адамзат қызметінің барлық салаларын цифрландыру. Өзгерістер өмірдің барынша әртүрлі аспектілеріне әсер етеді: еңбек нарығы, өмір сүру ортасы, саяси жүйелер, технологиялық құрылым, адамның бірегейлігі. "Цифрландырудың" мақсаттары орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану есебінен экономиканың даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін экономиканың түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Халықаралық практикада дамыған мемлекеттер даму институттары арқылы экономикаға "цифрландыруды" енгізуге ықпал етеді. "Цифрландыру" тренді шеңберінде Германияның мемлекеттік даму банкі (KfW) қаржыландыру және

қаржылық ынтымақтастық бөлігінде blockchain технологиясын кеңейтуге назар аударады. KfW **венчурлік** қаржыландыру тетігі арқылы инновацияны қолдау саласындағы өз қызметін тұрақты түрде кеңейтуде.

3. Жасанды интеллекттің дамуы – бұл зияткерлік машиналардың дәстүрлі түрде адамның прерогативасы болып саналатын шығармашылық функцияларды орындау қабілеті. Жасанды интеллект Индустрия 4.0 негізгі элементтеріне жатады және автоматтандыруды енгізу, өндірістік процестерді роботтандыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру мақсатында экономика саласына енгізу үшін қажет.

4. Өнімділікті арттыру экономиканы дамытудың негізгі айқындаушы факторы болып табылады. Өнімділікті арттыру бәсекеге қабілетті экономиканы құру үшін қажет. Өнімділіктің өсуі Қазақстан экономикасының орнықты ұзақ мерзімді дамуының негізгі қозғалтқышы болып табылады. Соңғы 20 жыл ішінде төмендеген өнімділіктің өсуіндегі құлдырау Қазақстанда ЖІӨ өсуінің орта мерзімді перспективаларының төмендеуіне себеп болатын басты фактор болып табылады. Өнімділік деңгейі 2000 жылдардың басында жоғары деңгейде болды және ЖІӨ-нің жылдық өсуінде шамамен 6 пайыздық тармақты (бұдан әрі – п.т.) қамтамасыз етті. Алайда 2010 жылдардың басына қарай өнімділіктің жылдық өсуі орташа есеппен 2 п.т-ға дейін төмендеді, ал 2014 – 2020 жылдары өнімділіктің өсуі теріс болып, жылына шамамен 2 п.т-ға төмендеді.

Бұл құлдырау негізінен экономиканың барлық негізгі секторларында – ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және көрсетілетін қызметтерде салаішілік өнімділіктің өсу қарқынының төмендеуімен байланысты. Өнімділіктің төмен өсу қарқыны жеке сектордың шағын көлеміне, нарықтың жоғары шоғырлану дәрежесіне және "жасампаз талқандау" процесінің болмауына байланысты. Соңғы онжылдықтарда байқалған өнімділіктің өсуіндегі құлдырау жаңа компаниялардың нарыққа кіруінің төмен деңгейінде көрінетін жеке сектордың дамуындағы шектеулерден туындайды.

Осы Жоспарда "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ тарапынан өз миссиясын іске асыру бойынша күшейтуді талап ететін ағымдағы макроэкономикалық үрдістер мен мегатрендтер көрсетілген. Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер мемлекеттік саясатты іске асыру және "Қазақстан-2050" – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясында қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының орнықты дамуына бағытталған.

Осыған байланысты "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Қазақстан экономикасының дамуына әсер ететін заманауи жаһандық сын-қатерлерді назарға ала отырып, экономикалық өсудің жаңа көздерін дамыту жөніндегі нақты шараларға шоғырлануы қажет.

#### Бенчмаркинг

Ең танымал анықтамалардың біріне сәйкес даму институттары – бұл айтарлықтай оң сыртқы әсерлерді (экономикалық және әлеуметтік) тудыратын, бірақ бұл ретте жеке



сектор толық қаржыландыра алмайтын жобаларды ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз ететін мамандандырылған қаржы институттары. Көп жағдайда даму институттарының негізгі меншік иесі мемлекет болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемде 750-ге жуық даму институты бар, олардың қызметі көптеген елдерді қамтиды. Олар ірі елдердің экономикаларында маңызды рөл атқарады және оларға әлемнің ірі өңірлері мен елдеріндегі (мысалы, Оңтүстік Азия – 12 %, Латын Америкасы – 10 %, Германия – 8 %) жиынтық банк активтерінің едәуір үлесі, сондай-ақ ұлттық банктер берген кредиттердің айтарлықтай үлесі (Латын Америкасы елдерінде – орта есеппен 30 %) тиесілі.

Даму институттарының қызметіне неғұрлым күшті әсер ететін секторларға экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым (энергетика, көлік, байланыс, ирригация, тұрғын үй құрылысы, денсаулық сақтау, білім беру), капиталды көп қажет ететін өнеркәсіп салалары (мұнай өндіру, металлургия, химия және мұнай химиясы, ауыр машина жасау және т.б.), ауыл шаруашылығы жатады.

Өртүрлі елдердегі даму институттарының қызметі келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

ұлттық компаниялардың ұзақ мерзімді қаржыландыруға қол жеткізуін қамтамасыз ету, ұзақ мерзімді капиталдың ұлттық нарықтарын қалыптастыру;

экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым салаларында, сондай-ақ ауыл шаруашылығында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

дамуы ұлттық бәсекеге қабілеттілік үшін стратегиялық маңызы бар, бірақ "нарықтың сәтсіздіктерімен" шектелген қызметтің жаңа салаларын қолдау;

өңірлік даму диспропорцияларын теңестіруді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;







шағын және орта бизнеске қаржыландыруға және қажетті ақпараттық-консультациялық қызметтерге қол жеткізу үшін жағдайлар жасау;

халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларында көзделген инвестициялық жобаларды іске асыру;

дағдарыс жағдайында кредиттік және қаржы нарықтарының тұрақтылығын сақтау (қаржылық көрсетілетін қызметтердің жеке секторының қысылуын өтеу).

Төменде холдингтің және халықаралық аналогтардың қызметіне салыстырмалы талдау келтірілген.

1-кесте. Холдингті және халықаралық аналогтарды салыстырмалы талдау.

	 «Бәйтерек » ҰБХ» АҚ	 QIA Qatar Investment Authority	 Mubadala Investment Company	 INA Indonesia Investment Authority	 Корея Даму Банкі	 Kreditanstalt für Wiederaufbau
Жеке Заң	—	+	+	+	+	+
География	Ішкі	Ішкі және сыртқы	Ішкі және сыртқы	Ішкі және сыртқы	Ішкі және сыртқы	Ішкі және сыртқы
Егеменді қорды басқару	—	+	+	+	—	—
ДК төрағасы	ҚР ПМ	Катар ПМО	БАӘ Президенті	Қаржы министрі	Ақпарат жоқ	Қаржы министрі
Құрылымы	ЕҰ	ЕҰ	ЕҰ	ЕҰ	ЕҰ	ЕҰ
Орта және ірі кәсіпкерлікті қолдау	+	+	+	+	+	+
Микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау	+	+	+	+	+	+

### Qatar Investment Authority (бұдан әрі – QIA)

QIA – Қатар мемлекетінің егеменді әл-ауқат қоры. QIA 2005 жылы Қатардың қаржылық активтерін қорғау және көбейту әрі экономиканы әртараптандыру мақсатында құрылды. Қатардың энергия тасығыштардың бағасына тәуелділігімен байланысты тәуекелдерді азайту стратегиясының шеңберінде қор негізінен халықаралық нарықтарға (АҚШ, Еуропа және Азия-Тынық мұхиты), сондай-ақ энергетика секторынан тыс Қатарға инвестиция салады. 2021 жылдың соңына қарай QIA активтері 450 млрд АҚШ долларына бағаланды. Қорландырудың негізгі көзі Қатардың мұнай-газ қоры болып табылады.



1-сурет. QIA-ның география және секторлар бөлінісіндегі портфелі.

Mubadala Investment Company (бұдан әрі – Mubadala)

Mubadala – Біріккен Араб Әмірліктерінің егеменді әл-ауқат қоры ретінде жұмыс істейтін мемлекеттік холдингтік компаниясы. Mubadala-ның міндеті өзінің акционері – Абу-Даби Үкіметі үшін орнықты қаржылық қайтарым алу үшін Біріккен Араб Әмірліктерінің мұнай қорының қаражатын инвестициялау және Біріккен Араб Әмірліктеріндегі және шетелдегі активтер мен инвестициялардың әртүрлі портфелін басқару арқылы Абу-Даби экономикасын әртараптандыруға жәрдемдесуге негізделеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Mubadala қызметінің нәтижелері:

Басқарудағы активтер – 284 млрд АҚШ долл.;

Активтер – 134 млрд АҚШ долл.;

Міндеттемелер – 51 млрд АҚШ долл.;

Капитал – 83 млрд АҚШ долл.;

Таза пайда – 10 млрд АҚШ долл..



2-сурет. Mubadala-ның география және секторлар бөлінісіндегі портфелі.

Korea Development Bank (бұдан әрі – KDB)

KDB – 1954 жылы Оңтүстік Корея өнеркәсібінің дамуын қаржыландыру үшін құрылған Кореяның мемлекеттік банкі. 19 елде филиалдары мен өкілдіктері бар. Банк көлік, электр энергетикасы, тұрғын үй және офистік жылжымайтын мүлік

салаларындағы жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады, сондай-ақ шағын және орта бизнеске кредит береді. Банк өзінің басқаруындағы зейнетақы қорлары активтерінің мөлшері бойынша 11-орында. Капиталдың негізгі көзі облигацияларды, оның ішінде сыртқы нарықтарда шығару болып табылады.


2021 жылдың қорытындысы бойынша KDB қызметінің нәтижелері:

Активтер – 274 млрд АҚШ долл.;

Міндеттемелер – 236 млрд АҚШ долл.;

Капитал – 38 млрд АҚШ долл.;

Таза пайда – 1 млрд АҚШ долл..



3-сурет. KDB-ның география және транзакция түрлері бөлінісіндегі портфелі.

## 1.2 Сыртқы ортаның құқықтық және саяси факторлары. Мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттары

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өз қызметінде өнеркәсіптік-инновациялық даму, ұлттық өнім экспортын ілгерілету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді іске асыру және халықтың әл-ауқатын арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған басқа да міндеттерді басшылыққа алады.

Мемлекет дамуының негізгі векторларын айқындау мақсатында Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарында іске асырылуы Қазақстанның әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына кіруіне ықпал ететін бірқатар стратегиялық бағыттар мен жалпыұлттық басымдықтар белгіленген.

Атап айтқанда, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мынадай стратегиялық бағыттарды іске асыруға жұмылдырылған:

1) инновацияның негізгі қозғалтқышы – адами капиталды дамыту;

2) бизнесті және кәсіпкерлік бастамаларды дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жетілдіру;

3) ұзақ мерзімді перспективада ғылымды қажетсінетін экономикаға көшу үшін қажетті салалық базаны қалыптастыруға негізделген кезеңдік тәсілді қабылдау арқылы ғылымды қажетсінетін экономика салаларын дамыту;

4) ұлттық инновациялық жүйені құру, инфрақұрылымды жаңғырту және энергия тиімділігін арттыру арқылы ғылымды қажетсінетін экономика құруды қолдайтын инфрақұрылымды жедел қалыптастыру;

5) халықаралық қатынастар жүйесіне интеграцияны тереңдету.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада дамыған экономиканың негізгі элементтері – инвестициялар мен кәсіпкерлік айқындалған.

Экономикалық өсудің негізі еңбек өнімділігінің ұзақ мерзімді өсуі, өндіріс пен экспортты әртараптандыру, сондай-ақ сыртқы, ішкі ресурстарды тарту және оларды белсенді пайдалану есебінен елдің бизнес-секторларын дамыту болуға тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 5 мамырдағы Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің отырысында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жұмысын нақты баптауды жүзеге асыруды тапсырды, бұл көп жағдайда Қазақстан Республикасының барлық экономикалық саясатының тиімділігін айқындайды.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жана жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Жолдауында Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген тапсырмасына сәйкес портфельдік компанияларды екі есе және олардың штат санын бір жарым есе қысқарта отырып, "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға қосу арқылы бірыңғай даму институты құрылды.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Жолдауында мемлекеттік қолдаудың операциялық тиімділігі мақсатында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ құрылымдық трансформациясын және оны ауқымды цифрландыруды жүзеге асыру тапсырылды.

### **1.2.1 Даму тұжырымдамалары**

Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

"Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі мақсаты жоғары өнімді және экспортқа бағдарланған өңдеу өнеркәсібін құру болып табылады.

Осы Даму тұжырымдамасы шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі және өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялар сияқты бағыттарды іске асыру жөніндегі негізгі операторлардың бірі болып табылады.

Атап айтқанда, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес компаниялар арқылы барлық қайтарымды қаржылық қолдау шараларының операторы болып қала береді, оның өкілеттіктеріне өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына жеңілдікті кредит беруді қамтамасыз ету үшін борыш пен капиталдың сыртқы және ішкі нарықтарынан ресурстарды тарту, сондай-ақ қолдаудың өзге де қаржылық және қаржылық емес құралдарын (оның ішінде экспорттық кредит беру, лизингтік қаржыландыру, екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) кредиттерін кепілдендіру, негізгі капиталға инвестициялар, мезониндік қаржыландыру, жобаларды консультациялық сүйемелдеу, инвесторларды іздеу және басқалар) беру. Сондай-ақ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мынадай қаржылық қолдау қағидаттарын ұстана отырып, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын кешенді қолдау тәсілін белсенді түрде кеңейтетін болады:

- 1) тиімсіз және сұранысы жоқ қолдау шараларын қайта қарау;
- 2) квазимемлекеттік кәсіпорындардың қатысуымен инвестицияларға қажеттіліктің 50 %-ынан астам мөлшерде жобаларды қаржыландыруды алып тастау (бірлесіп қаржыландыру немесе синдикатталған қаржыландыру кезінде);
- 3) нарықтық бағаларды бұрмалайтын және жеке сектордың дамуына теріс әсер ететін қолдау бағдарламаларын қаржыландыруды қысқарту;
- 4) мемлекеттік қаражаттан қаржыландыру кезінде жеке сектор бірлесіп қаржыландыратын жобаларды басым қолдау.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасын басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың жоғарыда көрсетілген тұжырымдамасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін қаржылық қолдау құралдарын кеңейту арқылы өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің көп санын қамту қажеттігі туындайды. Нәтижесінде баламалы қаржыландыру көздерінің, оның ішінде тікелей инвестициялар қорлары құралдарының маңыздылығы артады. Осы бағыт бойынша "Qazaqstan Investment Corporation" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – QIC) үлестік қаржыландыру құралдары арқылы өңдеу өнеркәсібі саласындағы қазақстандық кәсіпорындарды қолдауды жалғастырады.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Даму) Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының қаржы агенті болып табылады және кредиттер/борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және ЕДБ кредиттеріне/облигацияларына кепілдік беру арқылы микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – МШОБ) қолдауды жүзеге асырады.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Халықтың тұрғын үйге деген жоғары сұранысына байланысты Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Негізгі назар инженерлік-әлеуметтік инфрақұрылымды дайындау, тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тарту, тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйесін тиімді пайдалану және кредиттік тұрғын үй құрылысын бюджеттен тыс қаржыландыруға көшіру мәселелеріне аударылады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – ЕҰ) қызметінің үш стратегиялық бағытының бірі тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру мақсатында жоғарыда аталған Даму тұжырымдаманы іске асыру болып табылады. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттер бойынша сұраныс пен ұсынысты ынталандыру жолымен бірыңғай тұрғын үй саясатын іске асыру арқылы көзделеді:

1) "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Отбасы банк) арқылы тұрғын үй сатып алуға және жеке тұрғын үй қорында жалға алынған тұрғын үй үшін төлемнің бір бөлігін субсидиялауға жеңілдікті қарыздар беру;

2) жергілікті атқарушы органдарда (бұдан әрі – ЖАО) кезекте тұрғандар мен Отбасы банкінің салымшылары үшін кредиттік және әлеуметтік тұрғын үй құрылысын ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу, жеке құрылыс салушыларды жобалық қаржыландыру, халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту, нарықтық қарыз алумен өз қаражатын араластыру және тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың өзге де тетіктері арқылы қаржыландыру;

3) коммерциялық кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау есебінен жеке құрылыс салушылардың тұрғын үй салуын ынталандыру;

4) Бірыңғай тұрғын үй құрылысы операторы – "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚТК) арқылы халықтың үлестік салымдарын қорғау тетігін іске асыру;

5) ҚТК арқылы сатып алумен жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту;

6) ақпараттық технологиялар мен талдамалық зерттеулерді дамыту.

Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ "Аграрлық несие корпорациясы" (бұдан әрі – АНК) және "ҚазАгроҚаржы" (бұдан әрі – ҚАҚ) акционерлік қоғамдары арқылы қаржылық қолдау құралдары операторының функциясын атқарады. Бұл құжат еңбек өнімділігін, бидай түсімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығына және азық-түлік өндірісіне негізгі капиталға инвестициялар тарту арқылы бәсекеге қабілетті АӨК құруға бағытталған.

## 2. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ағымдағы жағдайын талдау. Ішкі органы талдау

### 2.1 "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның және ЕҰ-ның ағымдағы құрылымы

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ құрамына бұрын әртүрлі мемлекеттік органдардың және/немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басқаруында болған 8 ЕҰ (осы жоспарға 2-қосымша) кіреді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ әртүрлі қолдау құралдарын ұсыну арқылы Қазақстан экономикасының дамуына жәрдемдесуді жүзеге асырады. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-дағы барлық қолданыстағы қолдау құралдарын (қаржылық, сол сияқты қаржылық емес) шартты түрде қызметтің 3 бағытына бөлуге болады: үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамыту (РЕ), кәсіпкерлікті қолдау (оның ішінде өнеркәсіпті дамыту, экспортты қолдау, МШОК дамыту, АӨК дамыту) және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету (төмендегі 4-суретті қараңыз).

		Құралдар						
		Банк развития Казакстана	KazakhExport	QIC	DAMU	Отбасы банк	ҚТК	
РЕ	Өнеркәсіпті дамыту	Үлестік қаржыландыру	✓		✓			
		Проблемалық кредиттер <sup>1</sup>			✓			
Кәсіпкерлікті қолдау	Өнеркәсіпті дамыту	Инвесторлар іздеу	✓		✓			
		Қарыздық қаржыландыру	✓					
		Кепілдіктер	✓					
		Экспортты қолдау	Кепілдіктер және сақтандыру		✓			
			Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру	✓	✓			
	МШОК дамыту	Қаржылық қолдау <sup>2</sup>	✓		✓	✓		
		Лизинг	✓					
		Консультация беру			✓	✓		
		Инвесторлар іздеу	✓		✓			
	АӨК дамыту	Қарыздық қаржыландыру					✓	
Лизинг						✓		
Микрокредит беру						✓		
Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету	ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу арқылы құрылыс салушыларды қаржыландыру						✓	
	Құрылыс салушыларды субсидиялау						✓	
	Жалға берілетін тұрғын үй						✓	
	Ипотекалық кредиттерге кепілдік беру						✓	
	Тұрғын үй қарыздарын беру					✓		
	Жалдау ақысын субсидиялау					✓		

<sup>1</sup> Берешекті қайта құрылымдау, стратегиялық инвесторды тарту

<sup>2</sup> ЕДБ/МКҰ шартты қаржыландыруды, ЕДБ/ЛК пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауды, ЕДБ кредиттеріне кепілдік беруді, қарыздық және үлестік қаржыландыруды қоса алғанда


4-сурет. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-да экономиканы дамытатын қолдау құралдарының матрицасы



Аталған үш бағыт бірқатар сипаттамалары бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді, мысалы:

- 1) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ активтер портфеліндегі үлесі;
- 2) активтердің кірістілік деңгейі;
- 3) қызмет көрсетілетін клиенттер саны;
- 4) инвестициялау/қолдау аясы;
- 5) қорландырудың типтік құрылымы;
- 6) кредиттік портфельдің сапасы;
- 7) активтерді басқаруға арналған операциялық шығыстар.

Сонымен қатар "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің төрт бағыты экономиканы дамытудың байланысқан мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде іске асырылуда ( төмендегі 5-суретті қараңыз).



\* Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу" ұлттық жобасы  
\*\* Агрөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жоба

\*\* Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба  
\*\*\*\* "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы

5-сурет. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің бағыттарын бірқатар сипаттамалар бойынша салыстыру

Дереккөз: ЕҰ деректері (2022)

Халықаралық практиканы салыстырмалы талдау қызметтің әртүрлі нақты бағыттарын біріктіру нәтижесінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ теңдесі жоқ бірегей даму институты болып табылатынын көрсетеді.

Қызмет бағыттарының сипаттамаларындағы елеулі айырмашылықтарды және салыстырмалы талдау нәтижелерін ескере отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметін көрсетілген бағыттар контекстінде жоспарлау, талдау және бағалау қажет.

## 2.2 ҚТК орындалуын және SWOT талдау

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның даму жоспары "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның интеграцияланған даму институты ретінде қалыптасуы және қызметтің үш стратегиялық бағытын іске асыру міндетін орындау үшін қызметтің 13 түйінді көрсеткішін қамтиды.

2019 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепке сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің барлық стратегиялық түйінді көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚТК) орындалды:

Р/с №	Көрсеткіш	Жоспарлы мәндер	Іс жүзіндегі мәндер
Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ шоғырландырылған ҚТК			
1.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі	70,67 %	75,08 %
2.	Есепті жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі	67,18 %	70,80 %
3.	ROA (шоғырландырылған)	0,78 %	3,44 %
4.	Кредиттік портфельдегі жеке сектордың үлесі	86,62 %	89,05 %
5.	Клиенттердің қанағаттануы	-	-
6.	Корпоративтік басқару рейтингі	-	-
7.	Орнықты даму рейтингі	-	-
Қызметтің 1-стратегиялық бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау			
8.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жыл ішінде)	8 594,80 млрд теңге	13 705,06 млрд теңге
9.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішінде)	1 138,60 млрд теңге	1 709,15 млрд теңге
10.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның қаражат бірлігіне шаққанда ҚР-ға		2,07

	тартылған инвестициялар коэффициенті $\geq 1,8$		
Қызметтің 2-стратегиялық бағыты. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту			
11.	АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жыл ішінде): - ауыл шаруашылығында; - тамақ өнімдерін өндіру саласында	251,70 млрд теңге	353,14 млрд теңге
12.	Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі (бір жыл ішінде)	105 млрд теңге	182 млрд теңге
Қызметтің 3-стратегиялық бағыты. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету			
13.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның Қазақстан Республикасында қолжетімді тұрғын үй салуға қосқан үлесі (бір жыл ішінде)	17,88 %	34,46 %

2-кесте. 2022 жылы "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ҚТК орындалуы.  
SWOT-талдау 3-кестеде берілген.

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
<p>1) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мен оның ЕҰ-на Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жалғыз акционер тарапынан елеулі қолдау көрсетілуі;</p> <p>2) дамыған инфрақұрылым, экономиканы қолдаудың айтарлықтай тәжірибесі, жеке бизнеспен өзара іс-қимыл тәжірибесі;</p> <p>3) валюталық, пайыздық, кредиттік және басқа портфельдік тәуекелдерді тиімді басқару;</p> <p>4) халықаралық және жергілікті капитал нарықтарында қаржыландыруды тарту тәжірибесі;</p> <p>5) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-да қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдарының кең жиынтығы;</p> <p>6) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) кең клиенттік базасы, АӨК субъектілерін қолдау бойынша ЕҰ-ның жұмыс тәжірибесі;</p> <p>7) ЕҰ филиалдарының кең өңірлік желісінің болуы;</p> <p>8) нысаналы топтардың "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне сенімінің жоғары деңгейі;</p> <p>9) нысаналы топтардың "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметі туралы хабардар болуының жоғары деңгейі.</p>	<p>1) бұрын ұсынылған шараларды алдын ала талдамай мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну;</p> <p>2) ірі жобаларды кредиттеудің тым ұзақтығы, бұл тұтастай алғанда кәсіпорын қызметі тиімділігінің төмендеуіне әкеледі;</p> <p>3) Индустрия 4.0-ге дайындығы тұрғысынан технологиялық сараптама бойынша көрсетілетін қызметтердің болмауы;</p> <p>4) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ клиенттерінен алынған мемлекеттік қолдау шараларына қанағаттану туралы жеткіліксіз кері байланыс;</p> <p>5) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның кредиттік талаптардың жоғары деңгейі бар банк секторындағы теріс трендтер;</p> <p>6) АӨК секторының мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1) Қазақстан экономикасының дамуды қаржылық және қаржылық емес қолдауға сұранысының жоғары болуы;</p>	<p>1) сыртқы факторларға байланысты елдегі макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы. Бұл</p>

2) қазақстандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру қажеттігі;	ұлттық валютаның одан әрі әлсіреуіне және елдік тәуекелдердің нашарлауына әкелуі мүмкін;
3) инфрақұрылымды дамытуға және жаңғыртуға инвестицияларды ұлғайту қажеттігі;	2) Қазақстан Республикасы қор нарығының дамымауы;
4) мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінен қаражат тарту мүмкіндігі;	3) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ кредиттік рейтингі төмендеген жағдайда сыртқы қаржыландыру көздеріне қолжетімділік шектеледі;
5) жеке сектормен ынтымақтастықты кеңейту, атап айтқанда жеке қаржы институттарымен бірлесіп қаржыландыру;	4) Қазақстандағы жобалардың әлсіз инвестициялық тартымдылығы;
6) ЕҰ арасында синергияны өрістетуге мүмкіндігі;	5) ЕДБ портфельдеріндегі проблемалық кредиттердің жоғары үлесінің сақталуы;
7) венчурлік қорлар және стартап акселераторлар түріндегі венчурлік кәсіпкерлікті және инновациялық инфрақұрылымды дамыту.	6) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ клиенттеріне қайталама санкциялардың салыну тәуекелдері.

### 3-кесте. SWOT-талдау

### 3. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ миссиясы мен пайымы

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ миссиясы қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарында бәсекеге қабілетті бизнесті дамыту, тұрғын үймен қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту болып табылады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ пайымы – жаңа салалық "өсу нүктелерін" дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын сапалы түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өз миссиясын іске асыру шеңберінде шешетін түйінді міндеттер:

- 1) экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- 2) кәсіпкерлікті дамыту;
- 3) өңдеу өнеркәсібін дамыту;
- 4) шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау;
- 5) еңбек өнімділігін арттыру;
- 6) бәсекеге қабілетті АӨК дамыту;
- 7) экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- 8) халықтың әл-ауқатын жақсарту.

Алғашқы алты міндет "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның микро, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды, өнеркәсіпті дамытуды және өңірлік дамытуды қамтитын "Кәсіпкерлікті қолдау" стратегиялық бағыты бойынша негізгі қызметін жүзеге асыру жолымен шешіледі.

Экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөніндегі жетінші міндет Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ макроөңірде де үлестік қаржыландыру экожүйесін дамытудың стратегиялық бағыты шеңберінде шешіледі.

Халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі сегізінші міндет "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның "Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету" қызметінің стратегиялық бағыты шеңберінде шешіледі.

Стратегиялық бағыттардың әрқайсысы бойынша осы Жоспардың 5-бөлімінде 2033 жылға дейінгі нысаналы мәнді айқындай отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің ҚТК көзделген.

Жылдық аралық нысаналы мәндері мен іс-шаралары бар егжей-тегжейлі кіші міндеттер "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Директорлар кеңесі бес жылға бекітетін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Іс-шаралар жоспары шеңберінде көзделетін болады.

#### **4. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің стратегиялық бағыттары**

##### **4.1 Қызметтің 1-стратегиялық бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау**

###### **4.1.1 Өнеркәсіпті дамыту**

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның өнеркәсіптік жобаларды қолдау жөніндегі қызметі борыштық қаржыландыру және лизинг құралдары шеңберінде қолдау көрсететін "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚДБ) және оның еншілес ұйымы "Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамы қызметінің бағыттарының бірі болып табылады. Қызметтің осы бағытындағы негізгі проблемалық мәселелер мыналар болып табылады:

1) қарыз алушылар бойынша кредиттік портфельдің құрылымы: "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ кредиттік портфелі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 8,2 трлн теңгені құрады. Кредиттік портфельдің үштен бірі (32 %) ҚДБ-ға тиесілі. ҚДБ қолдау құралдарымен іске асырылған жобаларды (құны бойынша) талдауға сәйкес жобалар құнының шамамен 30 %-ы квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоса алғанда, мемлекет қатысатын компанияларға (жобаларға 50 % және одан да көп қатысуымен) тиесілі.

Осыған байланысты квазимемлекеттік сектордың жобалары мен операцияларын қаржыландыру ерекше жағдайларда, олар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген кезде жүзеге асырылатын болады:

қаржыландыру өзге кредиторлармен (бірлесіп қаржыландыру немесе синдикатталған қаржыландыру кезінде) бірлесіп жүзеге асырылады;

экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) қағидаттарына сәйкестігі.

Осылайша, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның ағымдағы қаржыландыру саясаты жеке сектор жобаларын қаржыландырудың басымдығы қағидатын ескереді;

2) жобаларды қаржыландыруға мемлекеттік және жеке көздерден тартылған қаражаттың айналымы: ұзақ мерзімді жеңілдікті қаржыландыру кәсіпорындардың қаржылық тәртібіне теріс әсер етуі және нарықтық ортада неғұрлым бәсекеге қабілетті болуға ынталандыруды болдырмауы мүмкін.

Қазіргі уақытта жобаларға кредит беруде проблемалар бар, сондықтан ЕДБ несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы 2009 жылғы 56,7 %-дан 2022 жылдың қорытындысы бойынша 24 %-ға дейін төмендеді. Себептері: кәсіпорындардың қайта кредиттелуі, қарыз алушылар активтерінің қайта кепілге қойылуы, кепілмен қамтамасыз етілмеуі, жеке инвесторлар үшін тартымдылық пен кепілдіктердің болмауы болып табылады.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін 1) және 2) тармақшаларда жеткілікті өтімділік қана емес, сонымен қатар жеке инвесторлар үшін тартымды жаңа инвестициялық жобалар көп болуы қажет.

Басым жобаларға кредит беруді жүзеге асыру кезінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мемлекеттік қатысуды қысқарта отырып, жобаларды қаржыландыру құрылымына жеке инвесторларды барынша тартуға ұмтылатын болады. Осыған байланысты бірлескен қаржыландыру (синдикатталған кредиттеуді қоса алғанда) және кредиттер портфелін секьюритизациялау құралдарын кеңінен қолдану жалғасады. Мұндай құралдарды пайдалану жобаларды тиімді құрылымдау, бірлесіп қаржыландырушы тараптар арасында тәуекелдерді бөлу, кәсіпорындардағы менеджменттің ашықтығы мен сапасына қойылатын талаптарды жақсарту есебінен бастамашылар үшін қаржыландырудың экономикалық құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Синдикатталған кредит беру ҚДБ мен ЕДБ қатысуымен жүзеге асырылады. ҚДБ инвестициялық фаза кезеңінде қаржыландыруға қатысады. Кейіннен жобаның нысаналы көрсеткіштеріне (жобаның инвестициядан кейінгі фазасы) қол жеткізген кезде кредит үлесін ЕДБ пайдасына кезең-кезеңімен беру болжанады.

Сонымен қатар жеке инвесторлардың жобаларды қаржыландырудың бастапқы кезеңіне қатысуы олардың табысты іске асырылу ықтималдығын және қосымша сапалы сараптама және бірқатар жағдайларда жаңа экономикалық байланыстарды енгізу есебінен олар өндіретін өнімге сұранысты едәуір арттырады. Өз кезегінде, қаржыландыру құрылымында ұлттық даму институты тұлғасында мемлекеттік әріптестің болуы жеке инвесторлардың бірлескен жобаларды іске асыруға ұзақ мерзімді мүдделілігіне деген сенімі мен сенімділігін арттырады.

Осылайша, басқа да тең шарттарда жобаларды іріктеу кезінде басымдық жеке инвесторлар мен бастамашылардың қатысуының үлесі үлкен жобаларға берілетін болады. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ бизнеспен бірлескен жобаларды қаржыландыруды тепе-тең негізде жүзеге асыруға ұмтылатын болады, осылайша тәуекелдерді тиімді бөледі және қосымша жеке инвестицияларды тарту арқылы қаржы тетігінің әсерін арттырады.

Басым инвестициялық жобаларды кредиттеуге жеке қаржы ұйымдары қаражатының үлкен көлемін тарту мақсатында кепілдік беру құралы қосымша дамуға ие болады. Бұл ретте кепілдік беру тетігін іске асыру жеке әріптестермен тепе-тең шарттарда да жүзеге асырылатын болады.

Нәтижесінде бұл шаралар мемлекеттік қаражаттың айналымын арттыруға, сол арқылы республикалық бюджетке қысымды төмендетуге мүмкіндік береді. Қор нарығының құралдарын пайдалана отырып, жобаларды нарықтық қаржыландыруға аудару мүмкіндігі қосымша қаралатын болады.

Сонымен қатар жобаларға бірлесіп инвестициялау тетігі QIC қатысуымен жүзеге асырылады. QIC жеке капиталының портфельдік қорлары бірлескен инвестициялау келісімдері шеңберінде халықаралық институционалдық инвесторлардан қосымша инвестицияларды тарту мүмкіндігіне ие, бұл басқа инвесторларға жеке капитал қорына қатыспай-ақ ықтимал жоғары кірісті инвестицияларға қатысуға мүмкіндік береді;

3) қарыз алудың жоғары құны: 2022 жылы "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және еншілес ұйымдар 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 838 млрд теңге сомаға нарықтық қарыз тартса, тартудың орташа өлшенген мөлшерлемелері: теңгемен – жылдық 16,6 %-ды, АҚШ долларымен – жылдық 4,9 %-ды құрады. Мысалы, 2019 – 2021 жылдар аралығында орташа өлшенген мөлшерлемелер: теңгемен жылдық 10,8 %-ды және АҚШ долларымен жылдық 2,7 %-ды құрады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның еншілес ұйымдары нарықтық қорландырудың неғұрлым қолжетімді көздерін іздеу, оның ішінде кредиттік рейтингтің жоғары деңгейін ұстап тұру және орнықты даму рейтингін ұлғайту түріндегі өзінің іскерлік беделін арттыру бойынша жұмысты тұрақты негізде жалғастырады;

4) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның мәмілелерді іздеуге және құрылымдауға реактивті тәсілі: "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның ағымдағы операциялық моделінде кәсіпкерлермен тікелей өзара іс-қимылдың шектеулі көлемі бар, өйткені тікелей қолдау ЕҰ деңгейінде іске асырылады. Бұл ретте "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жобаны дамытудың тиісті картасын әзірлеу арқылы ірі бизнес сегментіндегі жобаларды кешенді қолдау шеңберінде экономиканың басым секторларындағы белгілі бір бағыттарды қолдауға белсенді түрде бастамашылық жасайтын болады.

Сондай-ақ инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде холдинг Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына үлес қосуға және ықпал етуге қабілетті неғұрлым әлеуметтік маңызы бар жобаларды бөліп көрсетуге және осындай жобаларға неғұрлым тиімді жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін даму индексын басшылыққа алады;

5) қолдау құралдары деңгейіндегі кросс-функционалдылық (кешенді қолдау): 2022 жылдың аяғындағы жағдай бойынша кешенді қолдау шеңберінде, мысалы, Hyundai жеңіл автомобильдерін өндіру жөніндегі жоба, ферросилиций өндіретін зауытты, сондай-ақ байыту фабрикасын салу сияқты жобалар іске асырылуда. Бұл ретте "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ деңгейінде үйлестіру мен қатысушылықтың болуы жағдайында кешенді қолдау практикасын кеңейтудің елеулі әлеуетінің болуы байқалады.

Қолдау көрсету үшін жобаларды іріктеу еңбек өнімділігінің ұлғаюы, өткізу нарықтарының кеңеюі, сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде тауарларды, жұмыстар

мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылықтың ұлғаюы ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады;

6) проблемалық активтер/жобалар: "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жұмыс істемейтін қарыздардан болатын залалдың ықтималдығын барынша азайту үшін мәмілелердегі тәуекелдерді басқару тәсілдерін жетілдіру жұмыстарын жалғастыратын болады.

Мәселен, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның еншілес ұйымы QIC проблемалық активтер нарығын оларды басқару үшін тәжірибелі басқарушы серіктестерді (бұдан әрі – GP) тарта отырып, стрестік активтер қорларын құру және соларға инвестициялау, сондай-ақ осы сегментке басқа инвесторлардың қаражатын тарту арқылы сауықтыру бойынша жұмыс жүргізетін болады;

7) жеңілдікті қаржыландыруды алушылардың қарсы міндеттемелері: өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында кәсіпорынның өндірістің экономикалық көрсеткіштерін орындау жөніндегі міндеттемелерінің жиынтығын көздейтін кәсіпорындардың қарсы міндеттемелері енгізілетін болады, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, өндірістік персоналдың орташа жалақысын арттыру, өткізілетін өнім көлемін ұлғайту, кәсіпорын өндірісінің көлемін ұлғайту, жұмыс орындарын құру және/немесе сақтау, кәсіпорынның кіріс көлемін ұлғайту, өнімнің экспорты;

8) қарыз алушы компаниялар құнының өсуін ынталандыру: "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ тұрақты және бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құруға жәрдемдеседі. ҚДБ қарыз алушылары мен QIC жобалау компанияларының құнын арттыру, сондай-ақ оларды жария компаниялар қатарына қосу үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ басқарудың озық практикаларын тираждау, атқарушы компаниялардың ашықтығын арттыру, сондай-ақ қаржылық есептіліктің сапалы сыртқы аудитінің міндетті түрде болуы және басқалар бойынша талаптарды қою сияқты құралдарды әзірлеу және ұсыну арқылы қарыз алушы компаниялардың ашықтығы деңгейін және ҚДБ қарыз алушы компаниялары мен QIC жобалау компанияларының еңбек өнімділігін арттыратын болады.

Бұл шара қарыз алушыларды өзінің өндірістік процесін үнемі жақсартуға, жаңа бәсекелестік артықшылықтарды іздеуге, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға тиімді бейімделуге ынталандыруға мүмкіндік береді және қарыз алушы компаниялардың құнын ұлғайтуға ықпал етеді және нәтижесінде олардың сауда алаңдарындағы инвестициялық тартымдылығын арттырады;

9) ірі кәсіпорындардың айналасында шағын және орта бизнестің (бұдан әрі – ШОБ) экожүйесін құру: қарыздарды қайтару, шикізатты жеткізу және жобалардың аутсорсингі тұрғысынан жеткізу тізбектерінде ірі кәсіпорындарды қолдауды ұлғайту арқылы оларды ШОБ-пен ынтымақтастыққа ынталандыру қажет. Ол үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жеңілдікті қаржыландыруды ұсыну кезінде қарсы міндеттемелерді қолданатын болады. Сондай-ақ пакеттік қолдау қағидаты және жобалық қаржыландыруды дамыту (синдикатталған қарыз құралдары және бірлескен



инвестициялар) арқылы ірі инвесторлардың айналасында экожүйелерді дамыту орындалатын болады.

Елге ірі (зәкірлі) инвесторларды тарту үшін шикізат/жабдық жеткізушілерінен бастап сату арналарына дейін қосылған құн тізбегін құрудың тұрақтылығын сақтайтын кешенді тәсіл қажет.


Ірі кәсіпорындар жобаларының айналасында экожүйе құру шетелдік қатысушылармен жобаларды бірлесіп іске асыру шеңберінде серіктес болып табылатын қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық қолдаудан тұратын болады. Бұл шаралар тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру мен өткізудің жаһандық тізбектеріне енуге мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстан экономикасына шетелдік компанияларды тартуға ықпал ететін болады.

Осылайша, құралдарды ұсынудың пакеттік қағидаты кәсіпкерлердің көп бөлігін қолдау шараларының орбитасына тартуға және қаржы ресурстарының айналымын арттыруға ықпал етеді.

#### **4.1.2 Микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау**

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның МШОК сегментіндегі бизнесті қолдау жөніндегі қызметін холдингтің еншілес ұйымы – Даму іске асырады, ол қаржылық (сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, ЕДБ кредиттеріне кепілдік беру, қаражатты ЕДБ-ға шартты орналастыру, микрокредиттеу), сондай-ақ қаржылық емес құралдар (жобаларды консультациялық сүйемелдеу) шеңберінде қолдау көрсетеді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ құрылған кезден бастап Қазақстанда МШОК дамуының оң серпіні байқалады. ЖІӨ құрылымындағы МШОК үлесінің көрсеткіші 2014 жылғы 25,9 %-дан 2022 жылы 36,5 %-ға дейін өсті (алдын ала деректер бойынша). Белсенді әрекет ететін субъектілердің саны 9 жылда 2 есеге артып, 2022 жылы 1,87 млн субъектіні құрады. Алдын ала деректер бойынша 2022 жылы 4,1 млн адамды құраған МШОК секторында жұмыспен қамтылған халықтың көрсеткіші артты (төмендегі 6-суретті қараңыз).



### 6-сурет. МШОК негізгі көрсеткіштерінің динамикасы


Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Тиісінше, Қазақстанның МШОК секторын дамытуда елеулі әлеуеті бар. МШОК секторының даму деңгейі Аргентина, Бразилия, Оңтүстік Африка және Қытай сияқты дамушы елдерге қарағанда айтарлықтай төмен болып қалуда. Дамушы елдердің ЖІӨ құрылымындағы МШОК үлесінің орташа көрсеткіші 42 %-ға тең, ал жұмыспен қамтылғандардың үлесі елдің жалпы халқының 64 %-ын құрайды. Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы МШОК үлесінің көрсеткіштері дамушы елдердің орташа көрсеткішінен 25 %-ға төмен (2022 жылдың алдын ала деректерінің қорытындылары бойынша 36,5 %), ал 2022 жылдың қорытындылары бойынша республиканың экономикалық белсенді халқынан МШОК-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі 41,5 %-ға тең.

Қазақстанда МШОК дамытуды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлар МШОК секторындағы кәсіпкерлерді шектеулі қамту (саны бойынша), даму институттары тарапынан қолдаудың орта бизнестің қосалқы сегментіне бағдарлануы, мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі, даму институттары тарапынан қаржылық қолдау құралдарында уәждемелік құрамдас бөліктің болмауы, сондай-ақ ЕДБ-ге кредит берудің жоғары мөлшерлемелері болып табылады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-ны МШОК-ты қолдау жөніндегі негізгі қаржы құралдары ЕДБ-де қаражатты шартты орналастыру, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кредитке кепілдік беру болып табылады.

Төмендегі 7-суретте шығарылатын өнім көлемінің 82,1 %-ы және жұмыс орындарының 89,9 %-ы микро және шағын бизнес субъектілеріне тиесілі екендігі көрсетілген.



7-сурет. Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны, шығарылатын өнімнің көлемі және 2022 жылғы бизнес субъектілігі бойынша жұмыс орындарының саны

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Осылайша, құрылатын жұмыс орындары және шығаратын өнім көлемін ұлғайту тұрғысынан барынша тиімділікке қол жеткізу үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ МШОК сегментіндегі бизнесті қолдау бағытында қаржылық қолдау құралдарын көбірек дәрежеде микро және шағын бизнестің қосалқы сегменттеріне бағыттайтын болады.

Ол үшін Даму пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, ЕДБ және микроқаржы ұйымдарының кредиттеріне кепілдік беру, оның ішінде апекстік тетіктер арқылы микро, шағын бизнесті қолдауды жүзеге асыруды жалғастырады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ МШОК-қа қаржылық қолдау шараларын көрсету кезінде қолдау көрсетілетін кәсіпорындар тарапынан өзінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру бойынша қарсы міндеттемелердің тетіктері көзделетін болады.

Қалыптасқан макроэкономикалық жағдайда қайта қаржыландырудың жоғары мөлшерлемесі кезінде ЕДБ тарапынан арнайы бағдарламалар бойынша (оның ішінде Дамудың халықаралық қаржы ұйымдарымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлескен бағдарламалары бойынша) МШОК-ты кредиттеу мөлшерлемесі 6-дан 21 %-ға дейін құрайды. МШОК құрылатын және дамитын салалардағы маржиналдық деңгейі көбінесе кредиттеу мөлшерлемесінен сәл асады, яғни қарыз қаражаты есебінен бизнестің өсу мен даму мүмкіндіктері өте шектелген.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес қолдау көрсету үшін жобаларды іріктеу еңбек өнімділігінің ұлғаюын, өндірісті жаңғырту мен кеңейтуді, сондай-ақ іске асырылып жатқан жобалардың тиімділігін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ШОБ-ты қолдау мақсатында:

ірі кәсіпорындарды жеткізу тізбектерінде қолдау арқылы оларды ШОБ-пен ынтымақтастыққа ынталандыру;

ШОБ-ты дамыту бойынша өңірлермен проактивті жұмыс бойынша шаралар қабылдайтын болады.

#### 4.1.3 Экспорттық әлеуетті арттыру

**Ескерту.4.13-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.**

Экспорттық әлеуетті арттыру блогын экспорттаушыларды қолдаудың бірыңғай терезесі – "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ЭКА" АҚ) іске асырады.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес шикізаттық емес орта кәсіпорындарға бағытталған экспорттық акселерация бағдарламасын іске қосу тапсырылды, компанияларды сыртқы нарықтарға бағдарлау, экспорттық қолдауды күшейту және қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспортқа ілгерілету қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ бұған дейін Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында 2040 жылға қарай экспорттың жалпы көлеміне шикізаттық емес экспорттың үлесін үш есеге арттыру тапсырылды.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауында қажетті құралдарды шоғырландыра отырып, экспортты ілгерілетудің толыққанды институтын құру тапсырылды.

Қазақстанның экспорттық әлеуетін ынталандыру, сондай-ақ жоғары қосылған құнға бағдарлана отырып, экспортты әртараптандыру жөніндегі жоғарыда көрсетілген

міндеттерді іске асыру мақсатында экспорттаушыларды қаржылық қолдауды күшейтетін "ЭКА" АҚ қызметінің стратегиялық маңызды бағыты мәселесі пысықталатын болады.

Әлемдік практикада шикізаттық емес экспортты ілгерілетудің классикалық түсінігі елден тыс жердегі қызметті (сауда келісімдері, шетелдік өкілдіктерді, шетелде түрлі іс-шаралар және т.б. ұйымдастыру) қамтиды, сонымен бірге шикізаттық емес экспорттың өсуі үшін шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін жағдай жасауды, сондай-ақ қажетті қолдау инфрақұрылымын және ел ішіндегі құзыреттер құруды көздейтін ішкі бағыттағы мәселелерге көбірек көңіл бөлінеді.

Экспортты мемлекеттік қолдау және оны қаржыландыру жүйесі саласындағы шет елдердің практикасына талдау жүргізу нәтижелері бойынша мынадай негізгі тұжырымдар қалыптастырылды:

1) экспорт саласындағы қолдау мемлекеттік қолдау құралдарын (гранттар бөлу, субсидиялау, сақтандыру, кредиттеу, ақпараттық қолдау, мәмілелерді сүйемелдеу және т.б.) қолдану арқылы жүзеге асырылады;

2) экспорт саласындағы мемлекеттік қолдау ШОБ дамыту үшін жағдай жасау шеңберінде жүзеге асырылады. Ақпараттық және консультациялық сипаттағы тегін қызметтер ұсынылады. Қаржылық (салықтық және кредиттік) қолдау көрсету үшін нысаналы қаражат көзделген;

3) көптеген елдерде экспортты қолдау экономиканы дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты мемлекет отандық брендтердің сақталуын және басымдылығын қамтамасыз етеді, оларды шетелдік бәсекелестерден қорғайды және өз компанияларының мүдделерін шетелде жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде белсенді түрде қорғайды;

4) мемлекеттің экспорттық қолдауы негізінен қайта өңдеу өнеркәсібі мен АӨК-ке бағытталады;

5) экспортты мемлекеттік қолдауды және жеке инвестицияларды қорғауды іске асыру мақсатында көптеген елдерде ЭКА мамандандырылған мекемелері жұмыс істейді.

ЭКА сыртқы сауда операцияларын кредиттеуді, экспорттық кредиттерге мемлекеттік кепілдік беруді, экспорттық кредиттер мен мәмілелерді сақтандыруды, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық қолдауды ұсынады.

Бұдан басқа, экспортты ілгерілету жөніндегі агенттіктердің халықаралық тәжірибесіне сүйене отырып, "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде шикізаттық емес сектордың отандық тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қаржы институттары беретін сақтандыру қорғануын қамтамасыз ете отырып, экспорттық операцияларды қаржыландыру кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы енгізілген.

Экспорттың географиясы кеңейтіліп, басым және мүддесі жоғары елдердегі әріптестер мен клиенттерді ұлғайту үшін "ЭКА" АҚ-ның шетелдік және өңірлік қатысуы арқылы проактивті жұмыс жүргізілетін болады.

Бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ отандық экспорттаушылардың bgov.kz арқылы көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін арттыру үшін қызметті оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жаңа экспорттаушылар санын арттыру үшін экспорттаушыларды ("ЭКА" АҚ, QIS, ҚДБ, АНК, Даму) дамыту мақсатында экспорттаушыларды қолдайтын барлық құралдарды холдингте шоғырландыра отырып, пакеттік қолдау көрсетуді жалғастыратын болады.

#### **4.1.4 АӨК-ті дамыту**

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны қосу арқылы портфельдік компанияларды екі есе қысқартумен және штат санын тиісті түзетумен бірыңғай даму институтын құру тапсырылды.

Осыған байланысты "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ 2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген міндеттер шеңберінде ауыл шаруашылығын дамытуды көздейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ оған "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны қосу жолымен қайта ұйымдастыру сәтінде "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарының саны 3 ұйымды құрады – ҚАҚ, АНК және "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АШҚҚҚ).

2021 жылғы желтоқсанда АШҚҚҚ АНК-ға қосылу жолымен қайта құрылды және 2022 жылғы шілдеде ҚАҚ еншілес ұйым ретінде АНК-ға берілді.

Бұл іс-шаралар АНК мен АШҚҚҚ кредиттеудегі қайталануды жоюға, АНК базасында АӨК дамытудың тігінен интеграцияланған институтын құра отырып, "бір терезе" қағидатын іске асыруға мүмкіндік берді.

##### **4.1.4.1 АӨК-тегі ағымдағы жағдай**

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімінің (бұдан әрі – АШӨ) жалпы өндірісінің көлемі 2012 жылдан бастап орнықты өсуде.



\*2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы деректер (өткен жылдың тиісті кезеңіне НКИ)  
8-сурет. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс динамикасы, млрд тенге

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Мал шаруашылығындағы дәйекті өсу қарқыны жағдайында өсімдік шаруашылығында негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары өнімділігінің ауытқуына әсер ететін табиғи-климаттық факторларға жоғары тәуелділік байқалады.

Республикадағы негізгі егіс алқаптары дәнді дақылдарға бөлінеді, олардың арасында бидай басым. Мәселен, 2022 жылы дәнді дақылдардың 12,9 млн га немесе 80 %-ы (немесе ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егіс алқаптарының 56 %-ы) бидайға тиесілі болды. Бидай өндірісі ұлттық тұтыну деңгейінен асып түседі, ал артық мөлшері экспортталады. Қазақстан дәстүрлі түрде астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді.

Саладағы оң үрдістерге қарамастан, Қазақстанның ауыл шаруашылығы бірқатар проблемалармен сипатталады.

1. Еңбек өнімділігінің төмендігі ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен шығымдылығымен және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігімен, еңбек көп жұмсалатын ескірген технологияларын пайдаланылуымен, сала субъектілерінің инновациялық белсенділігінің әлсіздігімен байланысты.

Елдің ауыл шаруашылығында елеулі, бірақ жеткіліксіз тракторлар, комбайндар және басқа да ауыл шаруашылығы техникасы (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы техникасы) паркі бар. Мәселен, ҚР АШМ деректері бойынша машина-трактор паркінің орташа тозуы шамамен 80 %-ды құрайды. Ауыл шаруашылығы техникасының өте тозған негізгі түрлерінің (15 жылдан асқан) үлесі: тракторлар – 79 %-ды, комбайндар – 54 %-ды, сепкіштер – 86 %-ды, дестелегіштер – 63 %-ды құрайды.

2. АӨК өндірісінің ұсақ тауарлылығы. 2022 жылы сиыр етінің 63 %-ы, қой етінің 68 %-ы, сүттің 70 %-ы, картоптың 48 %-ы, қызанақтың 54 %-ы және қиярдың 53 %-ы жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілді.

3. Жемістердің негізгі түрлері (2022 жылы – 44 %), жүзім (57 %), сондай-ақ жылыжай шаруашылықтарында заманауи сақтау қуаттылығы мен өндіріс көлемінің жетіспеушілігі салдарынан маусымаралық кезеңдегі көкөністер бойынша жоғары импортқа тәуелділік.

4. Ірі қара малдың (бұдан әрі – ІҚМ), ұсақ малдың (2022 жылдың басына 14 %) жалпы басындағы асыл тұқымды мал басының төмен үлес салмағы (2022 жылдың басына 13 %), негізгі мал басының халық шаруашылықтарында шоғырлануы (2022 жылдың аяғындағы деректер бойынша ІҚМ – 51 %, ұсақ мал – 51 %, жылқылар – 43 %, түйелер – 49 %, шошқалар – 58 %), жоғары өнімді малды тез молайту үшін әлсіз репродуктивті база, мал шаруашылығы қажеттіліктеріне жемшөп өндіру көлемінің сәйкес келмеуі мал шаруашылығы өнімі өндірісінің өсуін тежейді.

5. Импорттаушы елдердің талаптарына сәйкес өндірісті сертификаттау. Мысалы, Қытай, Орталық Азия елдері сияқты тұтыну нарықтарының жақын орналасуына байланысты экспорттық нарықтарға жеткізу үшін сиыр, қой, шошқа етін өндіру өсудің неғұрлым жоғары әлеуетіне ие болды.

Қайта өңдеу өнеркәсібінде тамақ өнімдерінің өндірісі көлемінің жыл сайын орнықты өсуі байқалады.



\*2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жедел деректер (физикалық өндіріс индексі, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

9-сурет. Тамақ өнімдерінің өндірісі, млрд тенге


Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы





АНК (оның ішінде ҚАҚ)	161,2	168,8	224,3	245,7	385,2	448,6	445,7	464,2	522,3
ЕДБ (АНК қорландыруды шегергенде)	450,6	159,7	198,2	139,2	76,4	88,8	138,2	240,5	246
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>611,9</b>	<b>328,4</b>	<b>422,5</b>	<b>384,9</b>	<b>461,7</b>	<b>537,5</b>	<b>583,9</b>	<b>704,6</b>	<b>768,3</b>

4-кесте. АӨК қаржыландыру көлемі



\* ЕДБ деректері "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ, АНК қорландыруын есепке алмағанда  
10-сурет. АНК (оның ішінде ҚАҚ) және ЕДБ ауыл шаруашылығына кредит беру көлемі, млрд теңгеде.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ іс-шаралар жоспары

Республиканың ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 2011 жылдан бастап аса өзгермегенін атап өту маңызды (2011 жылы – 4,9 %, 2022 жылы – 5,2 %). Бұл ретте ЕДБ-ның несие портфеліндегі ауыл шаруашылығының үлесі 2022 жылдың соңында 1,8 %-ды құрады, бұл ЕДБ тарапынан саланың айтарлықтай жеткіліксіз қаржыландырылғанын көрсетеді.

ЕДБ тарапынан ауыл шаруашылығын қаржыландырудың өсуі мынадай себептермен шектеледі:

1) ішінара талдаудың әлсіз әдіснамасына, ауыл шаруашылығы жобаларын қаржыландырудың жинақталған тәжірибесінің болмауына, ірі астық холдингтерінің дефолтына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісіндегі салалық тәуекелдерді консервативті бағалау;

2) салалық тәуекелдерді хеджирлеудің пәрменді құралдарының болмауы;

3) ауылдық жерлерде, оның ішінде көптеген АШТӨ үшін негізгі кепіл құралы болып табылатын жер нарығының және жер пайдалану құқықтарының әлсіз дамуымен байланысты кепілмен қамтамасыз етудің төмен өтімділігі;

4) ұзақ мерзімді өтелу мерзімі бар жобаларды қаржыландыру үшін талап етілетін теңгемен ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жетіспеушілігі;

5) АНК-мен салыстырғанда қарыздар бойынша неғұрлым жоғары сыйақы мөлшерлемелері;

6) ауылдық жерлерде өңірлік желіні дамытуға және қолдауға арналған жоғары шығасылар.

ЕДБ-ны және басқа да жеке қаржы ұйымдарын АӨК-ті кредиттеуге тартуға қарыздар мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды, қарыздарға кепілдік беру жүйесін дамытуды, агросақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыруды, үлестік қаржыландыруды, қоса қаржыландыруды, АНК арқылы қорландыруды және басқа да шараларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының шаралар кешені бағытталған.

АНК бизнес-процестерін автоматтандыру бойынша жұмыс үздік практикалар мен қаржылық қызмет көрсету стандарттарына сәйкес жалғастырылатын болады.

Жалпы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру және ауылды дамыту бойынша фокус сақталатын болады. Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік саланы қаржыландыру қарқынына Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде бөлінетін қаражат ескеріле отырып, қолдау көрсетілетін болады.

## 4.2 Қызметтің 2-стратегиялық бағыты. Үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамыту

### Венчурлік қаржыландыру нарығын дамыту

**Венчурлік** қаржыландыру – бұл фирмалар немесе **венчурлік** капитал қорлары стартаптарға, дамудың бастапқы сатысындағы компанияларға және өсу әлеуеті жоғары немесе жоғары өсу қарқынын көрсеткен дамушы компанияларға беретін тікелей инвестициялар (бұдан әрі – ТИ) нысанындағы қаржыландыру құралы.

2022 жылы әлемдік ауқымдағы **венчурлік** қаржыландырудың жиынтық көлемі шамамен 415,1 млрд АҚШ долларын құрады, бұл инвестициялар 638,4 млрд АҚШ долларына жеткен 2021 жылғы нәтижеден 35 %-ға аз. Бірақ соған қарамастан, инвестициялар көлемі жылына 300 млрд АҚШ долларынан аспайтын пандемияға дейінгі деңгейден асты.

Айта кету керек, америкалық нарыққа **венчурлік** қаржыландырудың жалпы көлемінің жартысына жуығы – 48 % немесе шамамен 198,4 млрд АҚШ доллары тиесілі

болды. Бұл 2021 жылғы нәтижеден 37 %-ға аз, бірақ 2020 жылмен салыстырғанда 31 %-ға көп. Еуропада **венчурлік** қаржыландыру 2022 жылы жылдық есептеуде 17 %-ға, ал Азияда 40 %-ға қысқарды.

Денсаулық сақтау секторы 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы шамамен 25,9 млрд АҚШ долларын құрап, ең үлкен құлдырауды көрсетті. Қаржы технологиялары саласындағы инвестициялар да қысқарды, бір жыл ішінде төмендеу шамамен 46 %-ды құрады.

Әлемдік практикада **венчурлік** бизнес инновациялық әзірлемелер мен технологияларды коммерцияландыруға қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Бұл ретте әлемде **венчурлік** капитал нарығын дамытуда бірінші кезеңдерде мемлекет **венчурлік** қорларды қоса қаржыландыру, инновациялық фирмалар мен **венчурлік** кәсіпорындар үшін жеңілдіктер беру және салық ауыртпалығын азайту арқылы шешуші рөл атқарады.

QIC халықаралық қорлардың қоры ретінде жаһандық **венчурлік** қорлармен ынтымақтастық жасау мүмкіндігіне де ие, бұл қазақстандық жобалардың жаһандық нарықтағы тартымдылығын одан әрі арттыруға көмектеседі. QIC инвестицияларға ерте (егістіктен кейінгі) және өсу кезеңдеріне назар аудара отырып, **венчурлік** қаржыландыру сегментін дамытуға қатысады.

Жобаның ең бастапқы кезеңдеріндегі инвестициялар өте тәуекелді және сәтсіздіктердің үлкен пайызына ие болғандықтан, **венчурлік** инвестициялар егістіктен кейінгі кезеңдегі жобаларға да, сондай-ақ оларды нарықта масштабтау кезеңіндегі қолданыстағы, неғұрлым перспективалы инновациялық жобаларға да салынатын болады.

**Венчурлік** қаржыландыру бағытын дамыту шеңберінде QIC жеке **венчурлік** қорларды бірлесіп қаржыландыру бағдарламасының операторы ретінде әрекет етеді, оларды сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, инновациялардың жаһандық экожүйесіне біртіндеп интеграциялауды қамтамасыз ету үшін **венчурлік** нарыққа кәсіби қатысушылардың стандарттарын, үздік практикаларын және қызметінің талдамалық шолуларын таратуға жәрдемдеседі. Бұған **венчурлік** қорларды құру және оларға қатысу, серіктестердің тармақталған желісін құру және жобалар пулын кеңейту арқылы қол жеткізіледі.

### **Үлестік қаржыландыру нарығын дамыту**

Шетелдік инвестициялар капиталдандырудың, елдің инфрақұрылымын дамытудың және жаңа технологиялардың қайнаркөзі бола отырып, Қазақстан экономикасында ерекше рөл атқарады. Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестициялар тарту, сондай-ақ оларды тиімді пайдалану жаңа жұмыс орындарын және қосылған құны жоғары жаңа инновациялық кәсіпорындарды құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың (бұдан әрі – ТШИ) жалпы легі 28 млрд АҚШ долларын құрады (

2021 жылы 23,8 млрд АҚШ доллары). Қазақстандағы ТШИ негізінен мұнай-газ секторы мен өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында жүзеге асырылды. 2022 жылы Қазақстанның негізгі тікелей инвестор елдері Нидерланды (шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы түсімдерінің 29,6 %-ы), АҚШ (18,2 %), Швейцария (10,0 %), Бельгия (5,7 %), Оңтүстік Корея және Ресей Федерациясы (5,3 %-дан) және Қытай (5,0 %) болды.



11-сурет. Қазақстан Республикасына тікелей шетелдік инвестициялар, 2010 – 2022 жылдар

Дереккөз: ҚР ҰБ

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ компаниялар тобы арасында тікелей инвестициялар нарығындағы (бұдан әрі – ТИ) негізгі ойыншы QIC болып табылады, оның міндеттері тікелей инвестициялар қорлары (бұдан әрі – ТИҚ) арқылы үлестік қаржыландыруды ұсыну арқылы ТИ тарту және Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады. QIC одан әрі өсу және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында халықаралық институционалдық инвесторлармен, егеменді қорлармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен серіктестікте ТИҚ инвестициялайды және басқарады.

QIC мемлекеттік экономикалық саясаттың басым бағыттарына сәйкес келетін компанияларға қолдау көрсетеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он жеті қордың он төрті барлық басым секторларды қамти отырып, Қазақстан Республикасының аумағындағы жобаларға инвестициялау бойынша толық немесе ішінара мандатқа ие.

QIC негізгі салалардағы іскерлік байланыс желісін дамыту, кәптивті қорлармен бірлесіп жұмыс істеу және инвестициялық активтерді сатып алуда GP командаларын қолдау арқылы портфельдік компаниялардың қосымша құнын құруға бағытталған.

Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына жәрдемдесу шеңберінде QIC елдің экономикалық әртараптандырылуына ықпал ете алатын нарықта көшбасшы бизнестер

құру үшін ТИ әлеуетін іске қосады; өңірлік нарықта үлкен әлеуеті бар ШОБ-қа бағдарланады; ESG танылған экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттарына негізделген орнықты бизнесті дамытуға ықпал етеді.

2022 жылдың соңында QIC қатысуымен тікелей инвестициялар қорларының саны жалпы инвестиция көлемі 2,4 млрд АҚШ долларын құрайтын 17 қорды құрады. Қорлар әртүрлі салалар мен инвестициялық бағыттардағы жобаларға бағытталған. QIC инвестицияларының ең көп үлесі көлік пен логистикаға (36 %), тамақ өнімдерінің өндірісі (22 %) мен энергетика (16 %) тиесілі болды.

ТИ нарығын одан әрі дамыту елімізде Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, ТИ жаһандық нарығындағы капиталға қол жеткізуге ықпал етеді және нарықта көшбасшы компаниялар құруға мүмкіндік береді, олар өз кезегінде болашақта экономикалық әртараптандыруға ықпал ете алады.

#### Стрестік активтер нарығын дамыту

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 11 мамырдағы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында айтылған тапсырмасына сәйкес жұмыс істемейтін активтердің өркениетті нарығын құру қажет.

Қазақстандағы стрестік активтер нарығында мамандандырылған қорларды басқарушылар тұлғасындағы белсенді қатысушылар жоқ. Дегенмен, стрестік активтер нарығының көлемі айтарлықтай үлкен және даму әлеуеті жоғары. Ол негізінен коммерциялық банктермен және мемлекеттік қорлармен ұсынылған.

Қазақстандағы стрестік активтер нарығы 2016 – 2018 жылдары экономикалық құлдырау мен қарыз алушылардың тиісінше басқарылмауынан туындаған өсуді көрсетті. 2022 жылғы қазандағы жағдай бойынша стрестік активтердің көлемі 2,5 трлн теңгеге бағаланады, бұл банк секторының барлық активтерінің 6 %-ын құрайды.

Осы нарыққа жеке инвесторларды тарту мақсатында жеке инвесторларды, оның ішінде резидент еместерді қосу арқылы стрестік активтерді сатып алушылар тізімін кеңейту заңды түрде көзделген. Бұл банктердің баланстарын жұмыс істемейтін кредиттерден тазартудың нарықтық тетігін жасайды, сонымен қатар жаңа инвесторлардың, оның ішінде халықаралық инвесторлардың стрестік активтер нарығына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Алайда, қазіргі уақытта стрестік активтер нарығына жақсы ойластырылған нормативтік база, жұмыс істемейтін қарыздарды қалпына келтіру инфрақұрылымы және мемлекеттік қорлар мен ЕДБ арасындағы ынтымақтастықты жақсарту үшін коммерциялық жағдайларға қатысты құрылымдық әдіснама қажет екенін атап өткен жөн.

Стрестік активтер нарығын сауықтыру мақсатында QIC стрестік активтер қорларына қатысады, олар, өз кезегінде, стрестік активтерге, оның ішінде өз борыштарына қызмет көрсете алмайтын компаниялардың немесе өтімділік проблемаларына тап болған және қайта құрылымдау мен операциялық өзгерістерді

жүзеге асыру үшін қосымша капиталды қажет ететін компаниялардың борыштық міндеттемелеріне инвестиция салады. Осы сегментке инвестициялауға бөлінген қаражаттың қолжетімді капиталын тиімді басқару үшін QIC қайта құрылымдау есебінен пайда табу мақсатында сенімді бизнес-моделі және елеулі ішкі құны (intrinsic value) бар компанияларға инвестиция салатын тәуелсіз және тәжірибелі GP тартуды жоспарлап отыр.

#### Инфрақұрылымдық активтер нарығын дамыту

Инфрақұрылымдық нарық әлемдік тікелей инвестициялар нарығының салыстырмалы түрде аз бөлігін құрайды, алайда инфрақұрылымдық инвестициялық жобалардың тұрақты жоғары кірістілігінің арқасында осы сектордың басқаруындағы активтер көлемі тұрақты өсуде. Бұл ретте инфрақұрылымның басты артықшылығы – бұл сектор басқа активтермен төмен корреляцияға ие, инфляциядан хеджирленеді және табыстың сенімді ағынын қамтамасыз етеді.

Инфрақұрылымдық инвестициялар негізінен МЖӘ арқылы жүзеге асырылады. Тұтастай алғанда, МЖӘ – бұл инфрақұрылымды дамытуға жеке инвестицияларды тарту мақсатында бір жағынан мемлекеттік әріптес пен екінші жағынан жеке әріптес арасындағы белгілі бір мерзімге заңды түрде ресімделген және ресурстарды біріктіруге, тәуекелдерді бөлуге негізделген ынтымақтастық.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығының деректері бойынша 2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша жалпы сомасы 2,2 трлн теңгеге 1 025 шарт жасалды.

Жасалған шарттардың санды жағынан 86 %-дан астамы 3 салаға тиесілі: білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер, энергетика және ТКШ. Алайда, құнды жағынан шамамен 39 %-ы көлік және инфрақұрылым саласына тиесілі.

МЖӘ тетігі тарихи жобаларды қаржыландыру саны мен мөлшері шектеулі Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Муниципалитеттердің коммерциялық бағдарланған инфрақұрылымдық жобаларда жеткілікті құзыретінің болмауы МЖӘ тетігін дамыту проблемаларының бірі болып табылады.

Жалпы Қазақстанда транзиттік инфрақұрылымды, энергетиканы, әлеуметтік, сондай-ақ коммуналдық құрылысты қоса алғанда, барлық бағыттар мен секторларда инфрақұрылымдық инвестициялар нарығының белсенділігі байқалады. Елдің қолайлы географиялық орналасуына, жол, теміржол және су арналарының болуына байланысты транзиттік инфрақұрылым инфрақұрылымдық құрылыстың неғұрлым перспективалы бағыттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылымға өсіп келе жатқан сұраныс медициналық және білім беру салаларында МЖӘ жобаларын іске асыру үшін де мүмкіндіктер ашады. Аурухана құрылысындағы МЖӘ-нің ағымдағы жобалары инвесторларға тиімді шарттар ұсынады, оның ішінде күрделі шығындардың тұрақты және бюджетпен қорғалған өтемақылары, операциялық және басқару ағымдары, сондай-ақ әртүрлі салықтық субсидиялар.

Сондай-ақ орнықты энергетика мемлекет үшін негізгі ұзақ мерзімді басымдық болып қала беретінін және қазіргі уақытта үкімет жеке инвесторлар үшін жаңартылатын энергия секторында тартымды инвестициялық жағдайлар ұсынатынын атап өткен жөн.

Нарықтың одан әрі даму үшін әлеуетін ескере отырып, ҚІС жергілікті институционалдық инвесторларды тарта отырып, жоғарыда аталған салаларда инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағдарланған қор/платформалар құру арқылы инфрақұрылымдық активтер нарығын дамытуға ықпал ететін болады.

### **4.3 Қызметтің 3-стратегиялық бағыты. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету**

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру жөніндегі қызметі ЕҰ – "Отбасы банк" АҚ және ҚТК арқылы іске асырылады, олар Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасының (бұдан әрі – Тұжырымдама) шеңберінде мынадай қолдау түрлерін ұсынады:

- 1) ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй құрылысын қаржыландыру;
- 2) жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау;
- 3) үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру;
- 4) кешенді құрылыс жобаларын қаржыландыру;
- 5) жалға берілетін тұрғын үй сатып алу және жалға берілетін тұрғын үй қорын басқару;
- 6) тұрғын үй сатып алу және жалдау ақысын субсидиялау үшін қарыздар беру.

Қазақстан экономикасы өсуінің болашақта халықтың урбанизациясына тәуелділігін ескере отырып, тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру экономиканы дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Тұрғын үйдің қолжетімділігі халықты жұмыспен қамтумен қатар елдің нақты экономикалық өсімін табысты іске асырудың басты факторлары болып табылады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін факторлардың жиынтығынан тұрады. Сұранысқа әсер ететін негізгі факторлар халықтың табысы мен жинақтарының көлемі, халықтың өсімі, урбанизация деңгейі, қолданыстағы тұрғын үй қорының ескіру жылдамдығы мен көлемі, сондай-ақ ипотекалық кредиттеу мен жалға алудың құны мен қолжетімділігі болып табылады. Сұранысқа тұрғын үйдің сапалық сипаттамалары да әсер етуі мүмкін – ілеспе (әлеуметтік және көлік) инфрақұрылым, географиялық орналасуы, ауданның мәртебесі, құрылыс сапасы (жайғасымы, қабаттылығы).

Ұсынысқа (құрылыс көлеміне) тұрғын үйдің бір шаршы метрінің өзіндік құны және құрылыс салушы үшін қаржыландырудың (үлестік, сол сияқты борыштық) қолжетімділігі, құрылыстағы жаңа технологиялар, адами капитал (білікті мамандардың болуы, білікті кадрлардың қажетті санының қолжетімділігіндегі іркілістер, оқыту және сабақтастық), макроэкономикалық трендтер, баламалы жобалардың тартымдылығы (



коммерциялық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық), индустрияның құрылымы мен сипаттамасы (ойыншылар саны, рөлдердің бөлінуі, шетелдік қатысушылардың болуы) әсер етеді.

Мұның бәрі халық үшін қажетті әлеуметтік және коммерциялық инфрақұрылымы бар тұрғын үй құрылысында кешенді тәсілді әзірлеу қажеттігін негіздейді.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша холдинг жұмысты жалғастыратын негізгі сын-қатерлер:

### **1. Тұрғын үй қорын ұлғайту**

Соңғы 10 жылда (2013 – 2022 жылдар) Қазақстан халқының саны 17 %-ға артып, 2022 жылдың соңында 19,5 млн адамды құрады. Орташа жылдық өсім қарқыны 2022 жылы 3,3 %-ға дейін үдеумен 1,6 %-ды құрады. Осы кезеңде тұрғын үймен қамтамасыз ету тұратын бір адамға шаққанда 19,4 %-ға (+3,8 ш.м), 19,6 ш.м-ден 23,4 ш.м-ге дейін өсті.

БҰҰ стандарттары бойынша 1 адамға шаққандағы тұрғын үй алаңының нормасы 30 ш.м сай келуге тиіс. 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша бұл норма Қазақстан бойынша орташа есеппен 23,6 ш.м-ді құрайды.

БҰҰ-ның жоғарыда аталған нормасына қол жеткізу үшін тұрғын үй қорын орта есеппен 27 %-ға ұлғайту қажет.

Тұрғын үй қорын ұлғайту мақсатында Бірыңғай тұрғын үй құрылысы операторының құралдары жетілдірілетін болады.

Сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымның тозуының жоғары дәрежесін (кейбір өңірлерде 80 %-ға дейін) ескеру қажет, бұл жеке құрылыс салушыларды азаматтар үшін аумақтарға кешенді құрылыс салудан тежейді, осыған байланысты құрылыс көлемін ұлғайту және жайлы қалалық орта құру мақсатында ҚТК әртүрлі көздер есебінен, оның ішінде араластыруды пайдалана отырып, жеделдік, қайтарымдылық және қамтамасыз етілу шарттарында кешенді құрылыс салу жобаларын қаржыландыруды ұлғайтатын болады.

### **2. Халық үшін тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу**

2022 жылы жылжымайтын мүлік бағасының өсуі жалғасты, әсіресе қайталама тұрғын үйге бір шаршы метріне 482 197 теңгеге 66 %-ға дейін өсті, жаңа тұрғын үй бір шаршы метріне 437 459 теңгеге дейін 21 %-ға қымбаттады. 2022 жылы жайластырылған тұрғын үй үшін жалдау ақысы бір шаршы метріне 4 678 теңгеге дейін немесе рекордтық 142 %-ға өсті, бұл Қазақстанға келгендер санының артуына байланысты болды.

Бұл ретте халықтың номиналды мәндегі табысы 2022 жылы 23,4 %-ға, ал нақты мәнде тек 2,6 %-ға өсті, осыған байланысты жан басына шаққандағы номиналды табыстың тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құнына қатынасы ретінде есептелген тұрғын үйдің қолжетімділігі 0,39 ш.м-ге дейін қысқарды.



## 12-сурет. Тұрғын үйдің қолжетімділігі

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Халықтың төлемге қабілетті сұранысын қолдау мақсатында табысы әртүрлі азаматтарға тұрғын үй мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін бірқатар ипотекалық бағдарламалар іске асырылуда.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық кредиттер портфелінің жиынтық көлемі 5,1 трлн теңгеге жетті, оның ішінде "7-20-25" ипотекалық бағдарламалары шеңберінде 880,3 млрд теңгеге, тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесі бойынша 2,97 трлн теңгеге ипотекалық тұрғын үй қарыздары берілді.

Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғын үй жағдайларын "2-10-20" ("Бақытты отбасы"), "5-10-20" ("Шаңырақ" пилоттық жобасы) шарттары бойынша жеңілдікті қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жалға берілетін және кредиттік тұрғын үйлері берілген 124,8 мың азамат жақсартты.

Алайда жүргізілген талдау қорытындысы бойынша ЕДБ нарықтық ипотекасының болмауы "қанағаттандырылмаған сұранысты" (жылына 450-500 млрд теңге) тудырады. Жеке құрылыс салушылардың 30-35 мың пәтерге арналған жобалары дефолт қаупіне ұшырауы мүмкін, осыған байланысты Отбасы банк жыл сайынғы көлемі 100 млрд теңге болатын (2023 жылдан бастап), ҚТК кепілдігімен қамтамасыз етілген салынып жатқан тұрғын үйге кредит берудің жеке бағдарламаларын ұлғайтатын болады.

### 3. Кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған азаматтар (бұдан әрі – кезекте тұрғандар) Қазақстан Республикасы халқының неғұрлым осал санаттары болып табылады.

2022 жылдың соңында кезекте тұрғандар саны 635 846 адамды құрады. 2033 жылдың соңына қарай орташа жылдық 6,9 % өсу қарқыны сақталған кезде олардың саны 1 321 826 адамға дейін өседі. Кезекте тұрғандардың осы санын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін бір отбасына 60 ш.м нормамен 10 жыл ішінде 79,3 млн ш.м тұрғын үй немесе жыл сайын 7,9 млн ш.м тұрғын үй салу қажет болады.

Ұсынысты қолдау шеңберінде холдинг кезекте тұрғандар үшін қолжетімді тұрғын үй ұсынысын ұлғайту мақсатында Тұжырымдама шеңберінде 839 млрд теңге сомаға ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы қолжетімді тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Осы қаражат есебінен холдинг 7,6 млн ш.м тұрғын үй құрылысын немесе 2033 жылға қарай қажеттіліктің 8,8 %-ын қаржыландыра алады. Осыған байланысты холдинг уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп кезекте тұрғандардың өсуін төмендету үшін құрылыс және қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарайды.

Холдинг бюджеттен бөлінген қаражатқа сәйкес үкіметтік бағдарламалар шеңберінде кезекте тұрғандар үшін жеңілдікті кредиттер беруді жалғастырады. Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін арттыру үшін тұрғын үй саясатының тұтастығы шеңберінде "тұрғын үйдің қолжетімділік сатысы" белсенді түрде енгізілетін болады.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында кезекте тұрғандарды шартты түрде олардың табыс деңгейін тұрғын үймен қамтамасыз ету құралдарымен (тұрғын үйдің қолжетімділік сатысы) салыстыратын үш топқа бөлуге болады:

Шығыстарды шегергендегі кірістер	Топ саны	Құралдар
Ең төмен 2 күнкөріс деңгейіне дейін (81 134 теңге)	217 мың адам (35 %)	Сатып алусыз жалға берілетін тұрғын үй
Ең төмен 2-ден 5-ке дейінгі күнкөріс деңгейі	180 мың адам (29 %)	Сатып алу арқылы жалға берілетін тұрғын үй
5-тен жоғары ең төмен күнкөріс деңгейі	224 мың адам (36 %)	Нарықтық ипотека

#### 5-кесте. Тұрғын үйдің қолжетімділік сатысы.

Тұрғын үй мәселесін шешу тұрғын үйді сатып алумен және сатып алусыз ҚТК құралдарының есебінен мүмкін болады, бұл құралдардың түрлері ең төмен табыс деңгейі бар кезекте тұрғандар үшін жарамды (бірінші және екінші топ). Кезекте тұрғандардың үшінші тобы Отбасы банктің тұрғын үй бағдарламаларын пайдалана алады.

Бұған қоса холдинг мүдделі мемлекеттік органдармен және ЖАО-мен бірлесіп, ЖАО-ның сатып алусыз жалға берілетін тұрғын үй қорын (39 мың пәтер) өз табысын растаған кезекте тұрғандарға "мәңгі" жалға беруден тұрғын үй сатып алуға көшу құқығымен ҚТК-ға беру мәселесін қарайтын болады (жыл сайынғы жалға берілетін

ағындарды бюджеттен қосымша қаражат бөлмей, жаңа жалға берілетін тұрғын үй сатып алу үшін қайта инвестициялауға мүмкіндік береді).

4. Көппәтерлі тұрғын үйлер нарығын үлестік құрылыс тетіктерімен қамтуды ұлғайту

Бұдан басқа, көппәтерлі тұрғын үйдің көлеңкелі нарығының жоғары үлесі (2022 жылдың қорытындысы бойынша бағалау – 54 %) нарықтың дамуына теріс әсер етеді, бұл салынып жатқан тұрғын үй сапасының төмендеуінен және объектілерді тапсыру мерзімдерінің бұзылуынан ғана емес, сонымен қатар жоба бойынша дефолттардың және жаңа "алданған үлескерлердің" пайда болу тәуекелдерінен де көрініс табады.

Көлеңкелі нарықтың үлесін қысқарту үшін холдинг бірқатар іс шараларды іске асыруды жоспарлап отыр:

1) заңнамалық нормаларды бұзғаны үшін жауапкершілікті арттыра отырып ( айыппұл санкцияларын күшейту, салынып жатқан объектілерді жарнамалауға қойылатын талаптар және т.б.), құрылыс салушылар мен жобаларға қойылатын "кіру" заңнамалық талаптарын (жұмыс тәжірибесі, іске асырылған алаңдар және т.б.) 2 есеге төмендету есебінен ұсынысты ынталандыру;

2) нотариустар мен ЕДБ тарапынан тұрғын үй құрылысы шарттарына (тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін қоса алғанда) қосымша мониторингті ендіру (брондау, инвестициялау шарттарына тыйым салуды енгізу), сондай-ақ жылжымайтын мүлікке байланысты мәмілелерді қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға аудару мәселесін пысықтау;

3) "7-20-25" бағдарламасына кепілдендірілген салынып жатқан тұрғын үй сатып алуды енгізу.

#### **4.4 Қызметтің үш бағыты шеңберіндегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттер**

##### **4.4.1 "Жасыл" және бейтарап көміртекті экономикаға көшу**

"Жасыл" және бейтарап көміртекті экономикаға көшу – елдің басым стратегиялық міндеті. Холдинг елдің негізгі қаржы институты ретінде ұлттық "жасыл" күн тәртібін қалыптастыруда және оны іске асыруда маңызды рөл атқарады.

#### **Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) Қазақстан Республикасы экономикасының "жасыл" транзитін регламенттейтін, Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманың орнына келген бірінші деңгейдегі құжат болып табылады.

Стратегияның орта мерзімді мақсаты (ҚР ҰНАС-қа сәйкес) – 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы шығарындылар деңгейіне қатысты 15 %-ға қысқарту (шартсыз мақсат) және экономиканы карбонсыздандыруға халықаралық қолдау алған жағдайда қысқартуды 25 %-ға жеткізу (шартты мақсат).

Стратегияның қойылған мақсатына қол жеткізу төмен көміртекті саясатты кешенді іске асыру және секторлық (энергетикада, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және орман шаруашылығында, қалдықтарды басқаруда) және өтпелі тәсілдерді (әділ көшу, "жасыл" қаржыландыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен білім беру, қоғамдық сана, халықаралық ынтымақтастық, климаттық өзгерістерге бейімделу, көміртекті реттеу жүйесі) қолдану арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Бұл ретте төмен көміртекті саясат қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету жөніндегі қадамдармен қатар жүретін болады.

Ол үшін қолайлы заңнамалық және институционалдық орта құру, "жасыл" экономиканың қажетті қаржылық және физикалық инфрақұрылымын құруды және дамытуды қолдау көзделеді.

Карбонсыздандыру процесіне жеке инвестицияларды (оның ішінде халықаралық инвестицияларды) тұрақты тарту және қолдау жөніндегі жұмысқа ерекше назар аударылатын болады.

Төмен көміртекті дамуға және көміртегі бейтараптығына көшуге қажетті қосымша ресурстарды тарту мақсатында нормативтік құқықтық және институционалдық база, сондай-ақ инновациялық құралдар мен "жасыл" қаржыландыру стандарттарын дамыту үшін жағдайлар жетілдірілетін болады, "жасыл" жобалардың таксономияларын әзірлеудің халықаралық тәжірибесін және инвесторлардың күтулерін ескере отырып, осындай таксономиялар жаңартылатын болады.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін халықаралық стандарттар, оның ішінде "жасыл" құрылыс, "жасыл" көлік, ғимараттар мен тұрғын үй-жайлардың энергия тиімділігі және экологиялық менеджмент салаларында да енгізілетін болады.

"Жасыл" инвестицияларды ынталандыру жөніндегі саясат "жасыл" инвестициялар үшін ашық өлшемшарттарды – ESG-өлшемшарттарды назарға ала отырып, Қазақстандағы жалпы іскерлік орта мен инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралармен толықтырылатын болады. Бұл ретте "жасыл" жобалардың таксономиясы халықаралық тәсілдерді ескере отырып, энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу, парниктік газдар шығарындыларын азайту, климаттың өзгеруіне бейімделу сияқты кәсіпорындар қызметінің тиісті "экологиялық" көрсеткіштерін нақты айқындауға тиіс.

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында Қазақстанға барлық секторлардың неғұрлым бірқалыпты энергетикалық ауысуын қамтамасыз ету үшін халықаралық

қоғамдастық тарапынан қаржылық және институционалдық қолдау қажет. Осыған байланысты Қазақстан Париж келісімінің орнықты даму тетігі бойынша жобаларды іске асыратын болады.

Қазақстан БҰҰ жанындағы Климаттық технологиялар орталығымен және желісімен (Climate Technology Center and Network) және Жасыл климаттық қормен (Green Climate Fund) өзара іс-қимылды жалғастырады. Нысаналы сұраулар тұжырымдалады және осы ұйымдарға тиісті өтініш жасала отырып, нақты жобаларға бастама жасалады.

Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес экологиялық заңнаманың міндеттерінің бірі мемлекеттің "жасыл" инвестициялар тартуды және ең үздік қолжетімді техникаларды, ресурс үнемдеуші технологиялар мен практикаларды кеңінен қолдануды, түзілетін қалдықтардың көлемін қысқартуды және қауіптілік деңгейін төмендетуді және оларды тиімді басқаруды, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды, су үнемдеуді, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру, табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану, қалпына келтіру және молықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруды көтермелеуі және ынталандыруы болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қызметті экономикалық ынталандыру "жасыл" технологиялар трансферін ұйымдастыру және бейімдеу, "жасыл" инвестицияларды тартуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттарда және тәртіппен "жасыл" қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну арқылы да жүзеге асырылады.

Бұл ретте "жасыл" технологиялар деп ғылымның заманауи жетістіктері негізінде құрылған, орнықты дамудың экологиялық, экономикалық, әлеуметтік аспектілерін ескеретін, мынадай салаларды қамтитын және:

1) "өндіріс – кәдеге жарату – жаңа өндіріс" тұйық циклі бойынша улы емес өнімдерді өндіруге;

2) технологиялар мен тұтыну құрылымындағы инновациялар арқылы қалдықтарды барынша азайтуға;

3) жаңартылмайтын табиғи ресурстарды шикізат пен энергияның баламалы жаңартылатын көздеріне ауыстыруға;

4) ауыл шаруашылығына, мал шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге, ауыл шаруашылығына арналған биологиялық препараттар өндірісіне биотехнологияларды енгізуге;

5) жаңартылатын энергия көздерінен (күн энергиясы, жел энергиясы, гидро-, геотермалдық энергия, биомасса, сутегі) энергия өндіруге, атмосфераға зиянды шығарындыларды азайтуға, отынды пайдалану тиімділігін, сондай-ақ ғимараттар мен тұрмыстық аспаптардың энергия тиімділігін арттыруға;

6) климаттың өзгеру салдарын жеңілдетуге бағытталған қоршаған ортадан парниктік газдарды жоғары сіңіру әсері бар орнықты жасыл екпелерді шығаруға;

7) өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалана отырып, құрамында улы және канцерогенді заттар жоқ құрылыс материалдарын өндіруге бағытталған экологиялық қауіпсіз өндіріс технологиялары түсініледі.

"Жасыл" технологиялар жобаларын енгізу және іске асыру үшін "жасыл" инвестициялар, оның ішінде ұлттық даму институттарының гранттары және (немесе) инвестициялары, жергілікті бюджеттер қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да ұйымдардың өзге де көздері есебінен тартылады.

Тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттік инвестициялық саясат сапалы шетелдік және ішкі инвестицияларды тарту арқылы ел экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесуге бағытталатын болады, нәтижесінде экономикалық белсенділік пен халық табысы, оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарын құру арқылы өседі.

Инвестицияларды тарту саясаты ESG, жаһандық энергетикалық және технологиялық ауысу талаптарын ескере отырып қайта қаралатын болады.

Инвестицияларды тарту мәселесінде АХҚО әлеуетін, атап айтқанда, оларға ESG қағидаттарын енгізу және қолдану есебінен отандық инвестициялық жобалардың тартымдылығын арттыру арқылы тарту мүмкіндігі қаралатын болады.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерде ЭЫДҰ стандарттары бойынша ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуге және "жасыл" технологияларды дамытуға, баламалы энергия көздерін, оның ішінде "жасыл" сутекті дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жалғасады.

"Жасыл" жобаларға инвестициялар тартуды ынталандыру орнықты даму мақсаттарына (ОДМ 7 "Арзан және таза энергия", ОДМ 8 "Лайықты жұмыс және экономикалық өсу", ОДМ 9 "Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым") қол жеткізуді, карбонсыздандыруды және жобаларды іске асыру кезінде ESG қағидаттарын ілгерілету негізінде жүргізілетін болады.

ESG қағидаттарын енгізу/сақтау арқылы қолайлы инвестициялық имиджді қалыптастыру – Қазақстанның инвестициялық экожүйесін одан әрі дамытудың маңызды бағыттарының бірі.

Жаһандық капитал нарығы инвестициялық ағындарды экология, қоғам және корпоративтік басқару мәселелеріне жауапкершілікпен қарайтын және оң экологиялық және әлеуметтік нәтижелерге бағытталған секторларға/өндірістерге/компанияларға бағыттайды. ESG мәселелерінің күн тәртібін ескеруден бас тарту – жалпы ел мен жекелеген компаниялар үшін орта мерзімді, сол сияқты ұзақ мерзімді перспективада капитал нарықтары жабылуының айқын жолы.

Осы бағыт шеңберінде ESG үздік халықаралық тәжірибелеріне терең талдау және бағалау жүргізілетін болады, бұл оларды Қазақстан жағдайларына бейімдеу бойынша тиісті ұсынымдар мен ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ESG қағидаттарын мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізу мәселесі пысықталатын болады, өйткені ESG қағидаттарын сақтамау қаржыландыруды толық алмауға әкелуі мүмкін.

Персоналды басқару (әлеуметтік сала), қоршаған ортаны қорғау (экологиялық сала) және корпоративтік басқару мәселелері бойынша орнықты даму туралы есептілікті жариялау міндеттілігі бойынша жария компанияларға (листингке алынатын/жария мүддені білдіретін/квазимемлекеттік секторға кіретін) қойылатын талаптар (халықаралық стандарттарды ескере отырып) әзірленетін болады. Бұл ретте Қазақстанның барлық бизнесін қамту мақсатында ESG тәуекелдеріне ұшырау дәрежесі, сондай-ақ барлық компаниялар үшін осы тәуекелдерді анықтау, әсер етуін бағалау және басқару рәсімі туралы ақпаратты ашу бойынша әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар әзірленетін болады, бұл барлық компанияларға әлсіз жақтарын айқындауға және қарсы шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұл шаралар компанияларды өз қызметінің экология мен қоғамға әсер ету нәтижелерінің ашықтығын арттыруға ынталандыруға мүмкіндік береді. Орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу басқару процестерінің ашықтығы мен тиімділігін көрсетуге көмектесетінін атап өткен жөн, ол ұзақ мерзімді ресурстарды тарту үшін қолайлы жағдай жасайды.

Жеке және институционалдық инвесторлар үшін жауапты инвестициялаудың бірыңғай өлшемшарттарын (жауапты инвестициялау қағидаттарын іске асыру жөніндегі ұсынымдар) енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу көзделеді. Бірыңғай өлшемшарттар ESG инвестициялау ағындарын айқындауға мүмкіндік береді. Осы қағидаттарды қолдана отырып, инвесторлар қызметі экологиялық тәуекелдермен және ірі ақшалай шығындармен байланысты компаниялардан аулақ бола алады.

Сондай-ақ ESG қағидаттарын енгізуді ынталандыру мақсатында ESG қағидаттарын ағымдағы қызметке және даму стратегиясына/даму жоспарына интеграциялау верификацияланатын компаниялар үшін қолдаудың әртүрлі бағыттары әзірленетін болады.

ESG қағидаттарына сәйкес келетін "жасыл" қаржыландыруды қоса алғанда, орнықты қаржыландыру құралдарын дамыту жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Осылайша, холдинг үшін орнықты даму және ESG саласындағы басым бағыттар:

1. Төмен көміртекті даму бойынша ұлттық күн тәртібін орындауға жәрдемдесу

Осы бағытты іске асыру үшін холдинг тобында қажет болған жағдайда осындай таксономияларды әзірлеудің халықаралық тәжірибесін және инвесторлардың күтулерін ескере отырып, "жасыл" жобалар өлшемшарттары өзектілендірілетін болады.

Бұл ретте "жасыл" жобалар, ең алдымен, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына сәйкес келетін және экономикалық өсуге, климаттың өзгеруіне қарсы күреске, таза энергияға, теңсіздікті азайтуға және т.б. бағытталған жобаларды білдіреді;

2. ESG қағидаттарына сәйкес келетін орнықты қаржыландыру құралдарын дамыту



Төмен көміртекті даму және көміртекті бейтараптыққа көшу үшін қажетті қосымша ресурстарды тарту мақсатында "жасыл" жобалардың таксономиясын жаңартуды қоса алғанда, құралдарды, "жасыл" қаржыландыру стандарттарын және нарықтарды дамыту үшін жағдайлар жетілдірілетін болады.


ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі "жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобаларды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысы) жіктеу үшін "жасыл" таксономияны әзірлеп, енгізді.

Қазақстан Республикасының Инвестициялық саясат тұжырымдамасына сәйкес "ашық аспан" режимінде ірі әлемдік қаржы орталықтарымен тікелей әуе қатынастарын ашу, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордағы қазақстандық институционалдық инвесторлардың өздерінің инвестициялау стратегияларын қайта қарауы және "жасыл" облигацияларға инвестициялаудың міндетті үлесін белгілеу бөлігінде инвестициялық декларацияларға өзгерістер енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бұдан басқа, холдинг және оның ЕҰ құралдың басқа түрін – "әлеуметтік" облигацияларды дамытуды жалғастыратын болады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ "жасыл" және әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қорлардың қаражаты мен жеке инвестицияларды тартатын болады.

Сонымен қатар борыштық міндеттемелер нарығында "орнықты даму облигациялары", "орнықты дамуға байланысты облигациялар" және т.б. сияқты құралдардың жаңа түрлері қарқын алуда.



13-сурет. Үлгілік бөліністегі орнықты облигациялардың жыл сайынғы жаһандық шығарылымы, млрд теңге

Дереккөз: Moody's Investors Service and Environmental Finance Data

Осыған байланысты холдинг және оның ЕҰ "жасыл" облигациялар шығарумен қатар борыштық міндеттемелердің әлемдік нарығының қажеттіліктері мен үрдістеріне байланысты орнықты облигациялардың әртүрлі түрлерін қолдануды жоққа шығармайды.

3. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ қызметінің ашықтығын арттыру

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ атынан даму институттары қызметінің жоғары экономикалық және әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылатын болады. Бұл азаматтар мен іскер қоғамдастықты "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ іске асыратын бағдарламаларға тартуға, сондай-ақ оның іскерлік беделін мақсатты түрде нығайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметі туралы хабардар ету индексі 98,23 %-ды құрады.

Осы міндетті іске асыру шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ холдингтің және оның ЕҰ-ның бірыңғай коммуникациялық саясатын жүргізеді, ол холдингтің қабылдауын жүйелеуге, холдингтің және оның ЕҰ-ның ақпараттық ағындарын басқаруды құрылымдауға мүмкіндік береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі ретінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне назар аударудың жоғары деңгейін ескере отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ұлттық жобаларды іске асыру бөлігінде қабылданатын шешімдердің, сондай-ақ сыртқы аудиториялардың (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдарын ұсыну) барынша назарын аударатын жекелеген ішкі рәсімдердің ашықтығының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Осы міндетті орындау үшін заманауи ақпараттық технологиялар мен дәстүрлі коммуникация құралдарын пайдалану жоспарлануда.

Салыстырмалы даму институттарымен ұқсастығы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қаржылық жай-күйі, дивидендтік саясат және кредиттік тарих, сондай-ақ ЕҰ даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты ашуға ұмтылатын болады, бұл "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ мәртебесін көтеруге ықпал ететін болады. Қызметтің ашықтығын арттыру халықтың сенім деңгейін арттыру үшін де қажет.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне мақсатты аудиториялардың сенімін арттырудың маңызды факторы "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ көрсететін қызметтердің сапасына клиенттердің қанағаттану деңгейін дәйекті түрде күшейту болады. Ол үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ клиенттердің қанағаттану деңгейін бағалауды жүргізеді және осы көрсеткішті мақсатты түрде жақсартады.

Бұдан басқа, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жыл сайын "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне деген сенім деңгейін бағалауды жүргізеді, оның шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ туралы мақсатты аудиториялардың хабардар болу деңгейі де бағаланады. Бағалау қорытындысы бойынша холдинг қызметіне деген сенім деңгейін одан әрі арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады, бұл нысаналы топтардың сенімінің жоғары көрсеткіштерін және олардың холдинг қызметі туралы хабардар болуының жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне деген сенім деңгейін арттыру оның қызметінің тиімділігіне оң әсерін тигізеді, өйткені ашықтықтың жеткіліксіз деңгейі сыртқы қорландыруды тартуға және оның құнына әсер етуі мүмкін.

Ішкі және сыртқы мүдделі тұлғалар үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және ЕҰ ашықтығының жаңа деңгейі бірнеше бағытты қамтитын болады:

1) инвестициялық және стратегиялық шешімдер қабылдау тәсілдерінің проактивті коммуникациясы;

2) ЕҰ жұмысының құралдары мен қағидаттары туралы клиенттерді жан-жақты хабардар ету;

3) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің елдің ЖІӨ-не әсері туралы ақпаратты ашуды қоса алғанда, қол жеткізілген әлеуметтік-экономикалық әсер туралы хабардар ету, жұмыс орындарын құру;

4) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мен сыртқы мүдделі тараптар арасындағы диалогты кеңейту жөніндегі іс-қимылдардың мысалдары:

4.1) бағдарламалардың іске асырылу барысын талқылау, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, Қазақстан Республикасының Парламенті мен жұртшылық арасында пікір алмасу үшін жұртшылықпен тұрақты кездесулер (дөңгелек үстелдер, брифингтер, ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру) ұйымдастыру;

4.2) клиенттерге жаңа құралдар мен жұмыс қағидаттары туралы ақпаратты жеткізу;

4.3) кері байланыс алу.

ЭЫДҰ мен Дүниежүзілік банк елдердің үкіметтеріне (атап айтқанда қадағалау органдарына) ESG ашу үшін есептіліктің өзектілігі мен ашықтығын арттыруға ықпал етуді ұсынады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ ESG ақпаратын (экологиялық және әлеуметтік ақпаратты, сондай-ақ корпоративтік басқару туралы ақпаратты) жеке ESG есебі түрінде немесе Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) қолдауымен KASE әзірлеген ESG есебін жасау жөніндегі әдістемеге сәйкес жылдық есеп құрамында ашады. Бұл ретте ақпарат Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (Global Reporting Initiative, GRI) Ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық стандартының қағидаттарына және листингтік компаниялардың жылдық есебінде ақпаратты ашу жөніндегі KASE талаптарына сәйкес ашылуға тиіс.

4. Холдингтің бірыңғай кадр саясатын қалыптастыру

Холдингтің бірыңғай кадр саясатының мақсаты – қойылған стратегиялық міндеттерді орындау үшін жеткілікті жоғары кәсіби және ұтқыр еңбек ресурстарын орнықты дамытуды талап ететін ұйымның позицияларын нығайту.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған кадр саясатының міндеттері:

Холдингті алуандық пен инклюзивтілік қағидаттарын сақтай отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті кадрлармен қамтамасыз ету. Ол үшін өтемақыны халықаралық баламалардағы және Қазақстан Республикасының қаржы секторындағы бәсекелі деңгейге дейін теңестіру есебінен холдинг қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қажет.

Адами капиталдың дамуын, әсіресе цифрлық дағдылар бөлігінде қамтамасыз ету үшін холдинг қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін арттыру.

Холдинг пен ЕҰ персоналының қатысушылығы мен белсенділігін арттыру және қолдау.

Іріктеу және жалдау, тиімділікті бағалау, сондай-ақ даму және оқыту процесін қоса алғанда, холдингтің HR процестерін цифрландыру.

Холдингтің өзінде, сол сияқты оның барлық ЕҰ-да тиімділікті басқару процесін баптау және қалыптау.

Холдингте және ЕҰ-да ESG-қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті дамыту.

## 5. Жауапты сатып алуға жәрдемдесу

Әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінде "экологиялық" мемлекеттік сатып алу үлесін арттыру бойынша ұлттық бағдарламалар әзірленіп, практикада белсенді қолданылады. Мысалы, ЕО елдерінде "жасыл" сатып алу жалпы сатып алу жүйесіне, мемлекеттік органдардың саясаты мен жұмысына органикалық түрде енгізілген, заңнамалық нормативтік актілерде, ұлттық іс-қимыл жоспарларында көрсетілген, сатып алудың экологиялық өлшемшарттары өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір топтары үшін бекітілген.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ сатып алуға қатысты шешімдер қабылдау кезінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің (бұдан әрі – ТЖҚ) экологиялық, әлеуметтік және этикалық сипаттамаларын, мүмкіндігінше оларды сатып алу практикасына интеграциялай отырып назарға алады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ қоршаған ортаға барынша аз әсер ететін ТЖҚ-ға артықшылық береді, атап айтқанда, қалдықтардан, қайталама шикізаттан, ЖЭЖ энергиясын пайдаланып өндірілген тауарларды басым сатып алу мүмкіндігін қарастырады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттардың

үлгілік нысандарын өзектілендіреді, оның ішінде жеткізу тізбегінде орнықты даму қағидаттарын сақтау саласындағы жекелеген Саясатты/Стандартты немесе Өнім берушілердің мінез-құлық кодексін әзірлеу мүмкіндігі қаралатын болады.

#### 6. ESG-тәуекелдерін басқару

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның ЕҰ ESG-тәуекелдерін үздік халықаралық практика негізінде холдингтің қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялады. Осыған байланысты жауапты қызметкерлер осы тәуекелдерді басқару бойынша мерзімді негізде оқытудан өтеді.

#### 4.4.2 ЕҰ функцияларының портфелін оңтайландыру

Қызметтің үш стратегиялық бағытында (кәсіпкерлікті қолдау, үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету) тиімді жұмыс істеу үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ 2033 жылға дейінгі перспективада ЕҰ функцияларының портфелін оңтайландыру және олардың одан әрі дамуын айқындау бойынша жұмыс істейтін болады. Бұл ретте "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ функциялардың нысаналы портфелін қалыптастыру кезінде мынадай өлшемшарттарға бағдарланатын болады:

##### Функцияларды қайталаудың болмауы

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ішіндегі функциялардың, сондай-ақ басқа ұйымдар функцияларының қайталануы тиісті ұйымдар арасындағы қызмет нәтижелері үшін жауапкершілікті бөлуге қатысты түсініксіздікке әкеледі. Функциялар қайталанатын жағдайларда – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ функцияны "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-ның біреуінің айрықша құзыреті ретінде орталықтандырады не функцияны басқа мемлекеттік органдарда орталықтандыру шеңберінде оны орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді перспективада қысқартады.

##### Даму институтының рөліне сәйкестігі

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ даму тұжырымдамаларының қаржы операторы болып табылады, бұл ретте "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ функциялары "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ рөлі мен миссиясына сәйкес келуге тиіс.

##### "YellowPages" қағидаттарына сәйкестігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін басым міндеттердің бірі мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту болып табылады. Осы міндетке сәйкес "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ жеке секторда жеткілікті көлемде және деңгейде іске асырылатын функцияларды жүзеге асырмауға тиіс.

#### 4.4.3 Басқару функцияларын корпоративтік орталықтан ЕҰ-ның директорлар кеңесі мен басқармалары етіп орталықсыздандыру

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ құрылымы корпоративтік орталықтың басқару функцияларының шектеулі жиынтығында ғана құндылық құруын көздейді. Атап айтқанда, валюталық, кредиттік және пайыздық тәуекелдерге қатысты шоғырландырылған тәуекелдерді басқару портфель деңгейінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар шоғырландырылған көзқарас "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ активтері мен пассивтері арасындағы валюталық және пайыздық теңгерімсіздікті дәлірек айқындауға, тиісті тәуекелдерді уақтылы басқаруға мүмкіндік береді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның жекелеген құжаттарымен (тәуекелдерді басқару саясаты, тәуекелдерді басқару қағидалары және т.б.) регламенттелген тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйесіне сәйкес барлық ықтимал қауіптер, тәуекелдерді сипаттау және олардың ықтимал салдары, тәуекелдің алдын алу және оның басталуы жағдайында оған ден қою жөніндегі іс-шаралар тәуекелдер тіркелімінде көрсетіледі, ол тұрақты негізде өзектілендіріледі/қайта қаралады.

Сонымен қатар корпоративтік орталық арқылы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бірыңғай терезе рөлін орындау есебінен үлкен құндылық туғызады. Орталықтандыру "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ бүкіл тобы бойынша келіп түсетін сұрау салуларды үйлестіре пысықтауға мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады. Корпоративтік басқару жүйесі органдар, лауазымды адамдар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктердің аражігі мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өз қызметінде корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидаттарын қатаң сақтайды:

- 1) өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- 2) жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 3) Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
- 4) орнықты даму қағидаты;
- 5) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
- 6) корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- 7) ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары.

Жоғары орган – жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі, атқарушы орган – Басқарма.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ корпоративтік басқару жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) нақты басқару жүйесінің, аражігі ажыратылған өкілеттіктердің және шешім қабылдау процесінің болуы, функциялар мен процестерді қайталаудың болмауы;
- 2) бірыңғай стандарттар, саясаттар мен процестер, оның ішінде жоспарлауға, мониторингтеу мен бақылауға, нәтижелілікті бағалауға және түзету іс-қимылдарын қолдануға бірыңғай тәсілдерді айқындау бөлігінде;
- 3) сапалы ақпаратқа қол жеткізу;

4) тәуекелдерді тиісті түрде басқару;

5) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-ның операциялық қызметіне араласпау.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің экономикалық және операциялық тиімділігін арттырудың негізгі жолдарының бірі "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жалғыз акционер ретінде басқаруды жүзеге асыратын стратегиялық органдар ретінде директорлар кеңестерін жұмысқа белсенді тарту арқылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Бұл ретте директорлардың тәуелсіздігі қызметтің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің тиімді жұмысының аса маңызды факторы болып табылады. Мемлекеттің тарихи жоғары қатысу үлесін ескере отырып, өз салаларында шетелдік практиктер және/немесе сарапшылар болып табылатын тәуелсіз директорларды неғұрлым кеңірек тартудың орындылығы қаралатын болады.

Дүниежүзілік банктің холдингке берген ұсынымдарына сәйкес тиімділікті, есептілікті арттыру, сондай-ақ олардың қызметін тәуелсіз бағалау бөлігінде тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар мәселесі пысықталатын болады. Бұдан басқа, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар санын саяси ықпалға тәуелділікті төмендету мақсатында ұлғайтуға ұмтылу маңызды.

#### **4.4.4 Жұмысты ұйымдастырудың жаңа құзыреттері мен әдістерін дамыту**

Цифрлық технологияларды дамыту

Цифрлық технологияларды дамыту "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ даму жоспарында келтірілген негізгі міндеттерді шешуге ықпал ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Жолдауына сәйкес мемлекеттік қолдаудың операциялық тиімділігі мақсатында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметіне ауқымды цифрландыруды жүзеге асыру да тапсырылды.

Осы тапсырманы іске асыру үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ны цифрландыру стратегиясы (бұдан әрі – Цифрландыру стратегиясы) бекітілді, онда басты назар ішкі бизнес-процестерді автоматтандыруға, көрсетілетін қызметтердің клиентке бағдарлануын дамытуға, істен шығуға төзімді инфрақұрылымды құруға, "paper free" қағидатын енгізуге, деректерді басқаруға, сондай-ақ цифрлық технологияларды басқарудың заманауи әдістерін енгізуге аударылады.

Холдингінің ішкі бизнес-процестері "SimBase" bpm-жүйесінде автоматтандырылған. Бірыңғай bpm-жүйеде холдинг процестерін автоматтандырудың артықшылықтары процестерді орындау мерзімдерін едәуір қысқартуда, холдинг функцияларының қайталануын болдырмауда және тұтастай алғанда холдинг ішіндегі қағазсыз құжат айналымына көшуді қамтамасыз етуде.

Холдингінің ішкі бизнес-процестерін, оның ішінде құжаттамалық қамтамасыз ету, кадрлық есепке алу, ақпараттық технологиялар, тәуекелдерді басқару және басқалар бойынша автоматтандыру көрсеткіші 87,6 %-ды құрайды (формалданған 89 бизнес-процестің 78-і автоматтандырылған). холдингіте қаржы активтерін басқару үшін ІС өнімдері пайдаланылады, олардың негізінде холдингінің бизнес-процестері де автоматтандырылған.

Холдингінің және ЕҰ-ның алқалы органдарына пікірлердің барлық спектрін ескеруге, алқалы орган мүшелерінің білімі мен ұжымдық тәжірибесін жинақтауға, өкілдері холдингіте және ЕҰ-да дауыс беру және шешімдер қабылдау рәсімдеріне қашықтан қатысуды қамтамасыз ететін алқалы органның құрамына кіретін барлық мүдделі топтардың мүдделерін ескеруге, басқарушылық және стратегиялық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік беретін ақпараттық құралды ұсыну мақсатында, ақпаратқа кез келген уақытта және кез келген жерде қауіпсіз қол жеткізуді ескере отырып, сондай-ақ алқалы органдар жұмысының тиімділігін арттыру үшін Алқалы органдар порталы құрылды.

Сонымен қатар холдингінің компаниялар тобының қызметкерлері файлдық алмасу, тәуекелдер туралы дерекқор, оқиғалар күнтізбелері, анықтамалықтар, сауалнамалар, жаңалықтар және т.б. орналастырылған Ұжымдық жұмыс жүйесінде ақпарат алмасады.

Цифрландыру стратегиясын тиімді іске асыру және цифрландыруды дамыту қарқынын жеделдету мақсатында холдингіте цифрлық трансформация, цифрландырудың жаңа тәсілдерін енгізу, ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар объектілерін құру және дамыту, қолданыстағы бизнес-процестерді автоматтандыру және олардың реинжинирингі мәселелері қаралатын алқалы консультативтік-кеңесші орган – Цифрландыру офісі жұмыс істейді.

Сондай-ақ осы міндетті табысты іске асыру үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын пайдалана отырып, кешенді шешімдерді ұсынуда "бір терезе" қағидатын қолданады. Бұл бизнеске мемлекеттік қолдау мен қызметтерді ұсынатын "бір терезе" ретінде "bgov.kz" бизнесті қолдаудың бірыңғай порталын дамыту арқылы "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ деңгейінде кешенді қолдауды қалыптастыруды білдіреді, сондай-ақ клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқару жүйесін (CRM) қамтиды. Жұмыстың нәтижесі барлық қолдау құралдарын онлайн форматқа ауыстыру болады: өтінім беру, қарау мәртебесі, мақұлдау, қажетті құжаттарды ұсыну, қолдау, консультация беру және т.б.

Мемлекеттік қолдаудың 5 бағытын қамтитын холдингінің еншілес компаниялары көрсететін қызметтердің паспорттары bgov.kz платформасында цифрландырылды: кредит беру, субсидиялау, лизинг, сақтандыру, кепілдік беру және инвестициялау.



"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ цифрлық технологияларды енгізу, реинжиниринг және деректерді пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын цифрлық трансформация бойынша басымдықтарды айқындайды.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ орталық аппараты мен еншілес ұйымдардың процестерін өтпелі цифрландыру, оларды Қазақстан Республикасының цифрлық қаржы инфрақұрылымына интеграциялау табыстың маңызды факторы болып табылады.

Атап айтқанда, тиімді цифрлық инфрақұрылым операциялардың толық ашықтығын және оларды кейіннен талдау мен басқару шешімдерін қабылдауды автоматтандыру үшін транзакциялық деректерді шоғырландыруды қамтамасыз ете отырып, нақты уақытқа жақын режимде мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрландыру "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мен еншілес ұйымдардан пайдаланушылардың барлық топтары үшін "бірыңғай терезе" қағидаты бойынша кез келген сервисті алуды, сондай-ақ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің субъектілері үшін барлық қажетті ақпараттың шоғырландырылған қайнаркөзін құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жасанды интеллектті кеңінен қолдану қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыруға, бизнес өтінімдері бойынша шешімдер қабылдау уақытын қысқартуға және мемлекеттік қолдау көрсету процесін бюрократиядан арылтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 12 қазанда "Digital Bridge" форумында айтылған тапсырмасын орындау үшін әзірленген "Отбасының цифрлық картасына" ұқсас "Бизнестің цифрлық картасы" іске асырылатын болады. Нәтижесінде әр компания бойынша цифрлық портрет жиналады. Бұл өсу әлеуеті жоғары кәсіпкерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

**Бизнес-процестерді басқару жүйесін жетілдіру**

Бизнес-процестерді басқару – бұл даму стратегиясын/даму жоспарын және компанияның мақсаттарын тиісті өтпелі процестерді ұйымдастыру арқылы клиенттердің кұтулері мен қажеттіліктерімен байланыстыратын басқару тұжырымдамасы.

Компанияны басқарудағы процестік тәсіл тиімді басқару шешімдерін қабылдаудағы және оларды іске асырудағы икемділік пен айқындылыққа бағытталған және процестер шеңберінде қабылданатын шешімдер, оларды қабылдау тетіктері, шешімдер қабылдауға жауаптылар алдын ала формалданып, күні бұрын анықталатындай процестерді етіп қалыптастырудан көрініс табады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметін сапалы жақсарту мақсатында бизнес-процестерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғасуда. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мынадай қойылымдық мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылады:

1) жылдамдық – процестерге арналған уақытты қысқарту: регламенттеу, автоматтандыру және уақыттық шектеулер;

2) сапа – бизнес-процестердің ашықтығы, регламенттеу және мониторинг;

3) көрсеткіштерге негізделген басқару – шығындар, уақыт және ресурстарды жүктеу көрсеткіштері арқылы бақылау;

4) ұйымдастырушылық икемділік – процестерді модельдеу және қайта құру.

"Бір терезе" қағидаты бойынша клиенттерді кешенді қолдау

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ клиенттеріне "бір терезе" қағидаты бойынша кешенді қолдау көрсету кәсіпкерлік субъектілері мен халыққа мемлекет белгілеген басым бағыттарда ұсынылатын қолдау құралдарының тиімділігін арттыру арқылы клиентке бағдарлану бөлігінде өз қызметін жетілдіру бойынша үздіксіз жұмысты талап етеді.

Жоғарыда аталған міндетті табысты іске асыру "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның кәсіпкерлерді қолдау құралдарының кешенді пакетін ұсыну үшін сервистерді тиімді дамытуының берік негізін жасайды.

Клиентке бағдарланған тәсілді дамыту аясындағы қадамдардың бірі – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ құрылымы арқылы клиенттермен жұмыс деңгейін арттыру және кешенді шешімдер ұсыну мақсатында "бір терезе" қағидатын енгізді.

"Бір терезе" қағидаты bgov.kz ақпараттық жүйесі базасында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ деңгейінде кешенді қолдауды қалыптастыруды білдіреді. Бұл ретте кешенді қолдау құралдарын тікелей іске асыру және ұсыну қосымша адами ресурстарды тартпай-ақ, процесті әкімшілендіру шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ тарапынан шектеулі қатысумен ЕҰ деңгейінде жүзеге асырылады.

Кешенді қолдауды іске асыру бірыңғай даму институты ретінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ аясында даму институттарының жұмысынан қосымша синергетикалық әсер алуға мүмкіндік береді.

Талдау орталығы

Қазіргі уақытта "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ экономиканы қолдау мен дамытудың бекітілген бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа да мемлекеттік органдардың шешімдері мен тапсырмалары шеңберінде мемлекет белгілеген басымдықтарды басшылыққа алады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мен оның ЕҰ жинақталған тәжірибенің арқасында клиенттердің қажеттіліктерін, атап айтқанда, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің барлық стратегиялық бағыттарындағы институционалдық жады негізінде терең түсінеді. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ЕҰ-ның көрсетілетін қызметтерді алушы клиенттермен тікелей байланысы қазіргі проблемалар мен күрделіліктерге, ағымдағы және болашақ қажеттіліктерге, сондай-ақ даму институттары тарапынан қажетті құралдар мен қолдау көлемдеріне қатысты өзекті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ осы ақпаратқа қолжетімділікті тиімді пайдалана алады және оны орталықтандырылған түрде өңдей алады. Осыған байланысты талдау орталығының негізі холдингтің цифрлық түрдегі барлық "жинақталған тәжірибесін" қамтитын орталықтандырылған деректертерді сақтау орны болып табылады және Қазақстан Республикасының

заңнамасымен қорғалатын ақпараттың құпиялылығын сақтау қағидатын ескере отырып , пайдаланушылардың кең ауқымына қолжетімді болады.

Дамудың өзекті мәселелері бойынша шешімдер қабылдаудың динамикалық процесі оң тәжірибені зерделеуге және жалпылауға негізделген жүйелі білімді қажет етеді.

Талдау орталығы холдингінің барлық тобы бойынша Big Data өндеуді негізге ала отырып, азаматтар мен бизнес-кәсіпорындарға көрсетілетін қолдауды таргеттеуге, сондай-ақ data-driven шешімдерді қабылдау арқылы "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мен ЕҰ қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Талдау орталығының негізгі міндеттері:

1) даму тұжырымдамалары, сондай-ақ өңірлер мен экономика секторлары бөлінісінде қолдау көрсетілген жобаларды кеңейтілген талдау негізінде экономиканы дамытуды қолдауда басымдықтарды айқындау;

2) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және ЕҰ-ның қолдау құралдарын процестерді оңтайландыруды қоса алғанда, олардың тиімділігі, өзектілігі мен қолданылуы тұрғысынан талдау;

3) бизнесті қолдаудың жаңа шешімдері бойынша ұсыныстар тұжырымдау және басқалар.

Талдау орталығының міндеттерін іске асыру үшін:

1) деректерді өңдеу бөлігінде автоматтандыру дәрежесін арттыру;

2) жобаны іске асыруға басымдық бере отырып, Big Data саласында талдау орталығының қызметін қамтамасыз ететін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және ЕҰ қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

3) есептілік нысандарының көлемін қайта қарау, Excel нысандарын қолмен өндеуден бас тарту есебінен "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ департаменттерінің күнделікті міндеттерін оңтайландыру;

4) сыртқы дереккөздермен интеграциялау;

5) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің есеп-қисаптарын автоматтандыру және көрсеткіштерін визуализациялау есебінен басқарушылық есептілікті интерактивті талдау панельдеріне аудару қажет.

Сонымен қатар қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру, бизнестің өтінімдері бойынша шешімдер қабылдау уақытын қысқарту және мемлекеттік қолдау көрсету процесін бюрократиядан арылту үшін жасанды интеллектті кеңінен қолдану қажет.

## 5. "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2033 жылға дейінгі ҚТК

**Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.**

				2033 жылға арналған	
Р/с№		Өлшем бірлігі	Негіздеме		Деректер көзі

	Қызметтің түйінді көрсеткіші			Есептеу әдіснамасы	нысаналы мәні	
--	------------------------------	--	--	--------------------	---------------	--

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ шоғырландырылған ҚТҚ

1.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі	%	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ активтері қазынашылық портфельде орналастырылмай, экономиканы дамыту үшін жұмыс істеуі маңызды	(Кредиттік портфель (нетто) + "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық портфель)/ есепті кезеңнің соңындағы активтердің жиыны (шоғырландырылған)	77	Іс-шаралар жоспары/ есепті жылдағы іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есеп, кредиттік және инвестициялық қызметті жүзеге асыратын ЕҰ деректері * Даму үшін бұл ҚТҚ стратегиялық болып табылмайды
2.	Клиенттердің қанағаттануы	%	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өз клиенттерінен тұрақты негізде кері байланыс арқылы қолдау шараларының тиімділігін арттыруы маңызды	Есепті жылдың қорытындысы бойынша "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ клиенттеріне тәуелсіз сұрау жүргізу. Сұрау жүргізу екі жылда бір рет жүргізіледі.	95	Тәуелсіз сұрау жүргізу компаниясының сауалнамалық деректері

1-міндет. Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту.

2-міндет. Кәсіпкерлікті дамыту.

3-міндет. Өңдеу өнеркәсібін дамыту.

4-міндет. Шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау.

5-міндет. Еңбек өнімділігін арттыру.

6-міндет. Бәсекеге қабілетті АӨК дамыту

Қызметтің 1-стратегиялық бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау

			"Стратегия-2050", Қазақстан			
--	--	--	-----------------------------	--	--	--

3.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жыл ішінде)	млрд теңге	<p>Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарын, Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін және өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін ұлғайту жөніндегі міндеттерін іске асыру үшін</p>	<p>"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның бірнеше ЕҰ – ҚДБ*, АНК** , Даму қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімінің қайталама көлемін алып тастауды ескере отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімі көлемінің сомасы***</p>	16 910	ҚДБ, Даму, АНК даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы бойынша есептер
----	---	------------	--	--	--------	---

\* ҚДБ үшін кәсіпорындар түсімінің көлемі кәсіпорындардың өнімді, оның ішінде экспортқа өткізуден түскен түсімі бойынша іс жүзіндегі және бағаланатын деректер бойынша есептеледі:

- толингтік көрсетілетін (сервистік) қызметтерден: үшінші тұлғалардың шикізатын өңдеуден, оқытудан, сауықтыру және туристік көрсетілетін қызметтерден, отандық компаниялардың елден тыс жерлерде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу қызметтерінен және тағы басқалардан экспорттық түсімдерді ескере отырып, жобалық қуаттарды ресми пайдалануға енгізу (оның ішінде жаңғыртуды аяқтау) жоспарланатын күннен кейінгі келесі есепті кезеңнің қорытындылары бойынша инвестициялық жобалар (лизингтік операциялар) бойынша;

- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ іс жүзінде ұсынылған немесе ұсынуға жоспарланатын қаржы құралдарын ескере отырып, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша экспорттық және экспорт алдындағы операциялар бойынша.

1. Болжалды мәндерді айқындау формуласы

1) Инвестициялық фазадағы инвестициялық жобалар (лизингтік операциялар):

ИТ = ҚЭМ бойынша Т \* ЕҰ жоспар

Ескертпе: Т көрсеткіші жобалық қуаттарды іске қосу кезеңінен кейінгі кезең үшін қабылданады;

2) экспорттық/экспорт алдындағы операциялар:

ЭОТ = ҚЭМ бойынша Т \* ЕҰ жоспар

Жалпы ескертпе: қаржыландыруға жоспарланатын жобалар бөлігінде (қарастыру сатысындағы жобалар) осы ҚТК бойынша болжамды мәндерді есептеу мақсатында әрбір саланы болашақтағы қаржыландыру көлемін ескере отырып, экономика салалары бойынша, жобаны пайдалануға берудің уақыт жағынан кешеуілдеуі бойынша (әрбір сала бойынша) экономикалық жол берулер мен бағалау пайымдаулары, әрбір саланың бір инвестицияланған теңгесінен түскен түсім бойынша тарихи коэффициенттер, әрбір сала бойынша ЕҰ жоспар және басқалар негізінде болжау моделі пайдаланылады.

2. Жобаны іске асырудың пайдалану фазасындағы нақты мәндерді айқындау формуласы:

1) пайдалану фазасындағы инвестициялық жобалар:

ИТ = (ҚЕ бойынша Т + (ЭӨ1 \* Б1 + ... + ЭӨn \* Бn)) \* ЕҰ факт

Ескертпе: Т, ЭҚ және Б көрсеткіштері жобалық қуаттарды іске қосу кезеңінен кейінгі кезең үшін қабылданады;

2) экспорттық/экспорт алдындағы операциялар:

ЭОТ = ҚЕ бойынша Т \* ЕҰ факт

Шартты белгілердің толық жазылуы кестеден кейін берілген.

\*\* АНК үшін кәсіпорындар түсімінің көлемі инвестициялық жобалар бойынша кәсіпорындардың өнімді, оның ішінде экспортқа өткізуден түскен түсімі бойынша іс жүзіндегі және бағаланатын деректер бойынша жобалық қуаттарды ресми пайдалануға енгізу (оның ішінде жаңғыртуды аяқтау) жоспарланатын күннен кейінгі есепті кезеңнің қорытындылары бойынша есептеледі.

1. Болжамды мәндерді айқындау формуласы

Инвестициялық фазадағы инвестициялық жобалар

ИТ = (ӨМНТ \* өсім коэфф. (13 %)) \* АҚҚҰ + (ТӨНТ \* өсім коэфф. (4,6 %)) \* АҚҚҰ

Ескертпе: АӨК саласы сыртқы саяси жағдай (өндірілген өнім экспортын шектеу); экспорттаушы елдер өңірлерінің қолайсыз эпидемиологиялық жағдайы (бұл импорттық мал басын әкелудің жоспарланған мерзімдеріне теріс әсер етеді); ел ішіндегі қолайсыз эпидемиологиялық жағдай (малдың өлім-жітімімен, мәжбүрлі союмен ұштасады), табиғи-климаттық (су тасқыны, құрғақшылық, үсік шалу) сынды тәуекелдермен ұштасады және т.б. Көрсетілген тәуекелдер жобалардың жобалық қуатқа кезең-кезеңімен шығуына теріс әсер етеді.

2. Жобаны іске асырудың пайдалану фазасындағы іс жүзіндегі мәндерді айқындау формуласы

Пайдалану фазасындағы инвестициялық жобалар

ИТ = ҚЕ бойынша Т \* инвестициялық жобаға іс жүзінде қатысу үлесі

Ескертпе: Т көрсеткіштері жобалық қуаттарды іске қосу кезеңінен кейінгі кезең үшін түсініледі.

Шартты белгілердің толық жазылуы кестеден кейін берілген.

\*\*\* Даму үшін кәсіпорындар түсімінің көлемі есепті жылдың ішінде одан қолдау алған кәсіпорындардың жиынтық түсімінің сомасы ретінде есептеледі. Кәсіпорындардың жиынтық түсімін көрсету әділ болып табылады, өйткені Даму қолдау құралдарының мақсаты ЕДБ кредит беруінің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған		"Стратегия – 2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның (ҚДБ*, АКК**, "ЭКА" АҚ**) дейін қолдау алған кәсіпорындардың бес экспорттық түсімдерінің қайталама сомаларын		ҚДБ, АКК даму жоспарының және "ЭКА" АҚ
--	--	--	---	---	--	--

4.	кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішінде)	млрд теңге	Ұлттық даму жоспарының шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бөлігіндегі міндеттерін іске асыру үшін	алып тастауды ескере отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның экспорттық қолдауын алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің сомасы	3 236	іс-шаралар жоспарының есепті жылдағы орындалуы жөніндегі есептер
----	--	------------	--	---	-------	--

\* ҚДБ үшін экспорттық түсімнің сомасы кәсіпорынның өнімді экспортқа өткізуден түскен түсімі бойынша есептеледі

- толингтік көрсетілетін (сервистік) қызметтерден: үшінші тұлғалардың шикізатын өңдеуден, оқытудан, сауықтыру және туристік көрсетілетін қызметтерден, отандық компаниялардың елден тыс жерлерде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу қызметтерінен және тағы басқалардан экспорттық түсімдерді ескере отырып, жобалық қуаттарды ресми пайдалануға енгізу (оның ішінде жаңғыртуды аяқтау) күнінен кейін есепті кезеңнің қорытындылары бойынша инвестициялық жобалар (лизингтік операциялар) бойынша;

- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның іс жүзінде ұсынылған немесе ұсынуға жоспарланатын қаржы құралдарын ескере отырып, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша экспорттық және экспорт алдындағы операциялар бойынша.

1. Болжамды мәндерді айқындау формуласы:

1) Инвестициялық фазадағы инвестициялық жобалар (лизингтік операциялар):

ИЭТ = ҚЭМ бойынша ЭТ \* ЕҰ жоспар

Ескертпе: ЭТ көрсеткіші жобалық қуаттарды іске қосу кезеңінен кейінгі кезең үшін қабылданады;

2) Экспорттық/экспорт алдындағы операциялар:

ЭЭТ = ҚЭМ бойынша ЭТ \* ЕҰ жоспар

Жалпы ескертпе: қаржыландыруға жоспарланатын жобалар бөлігінде (қарастыру сатысындағы жобалар) осы ҚТК бойынша болжамды мәндерді есептеу мақсатында әрбір саланы болашақтағы қаржыландыру көлемін ескере отырып, экономика салалары бойынша, жобаны пайдалануға берудің уақыт жағынан кешеуілдеуі бойынша (әрбір сала бойынша) экономикалық жол берулер мен бағалау пайымдаулары, әрбір саланың бір инвестицияланған теңгесінен түскен түсім бойынша тарихи коэффициенттер, әрбір сала бойынша ЕҰ жоспар және басқалар негізінде болжау моделі пайдаланылады.

2. Жобаны іске асырудың пайдалану фазасындағы нақты мәндерді айқындау формуласы:

1) Пайдалану фазасындағы инвестициялық жобалар:

ИЭТ = (ҚЕ бойынша ЭТ + (ЭӨ 1 \* Б1 + ... + ЭӨ n \* Бn)) \* ЕҰ факт

Ескертпе: ЭТ, ЭӨ және Б көрсеткіштері жобалық қуаттарды іске қосу кезеңінен кейінгі кезең үшін қабылданады;

2) Экспорттық/экспорт алдындағы операциялар:

ЭЭТ = ҚЕ бойынша ЭТ \* ЕҰ факт

Шартты белгілердің толық жазылуы кестеден кейін берілген.

\*\* АНК үшін экспорттық түсімнің сомасы инвестициялық жобалар бойынша кәсіпорынның өнімді экспортқа өткізуден түскен түсімі бойынша жобалық қуаттар ресми пайдалануға енгізілген (оның ішінде жаңғырту аяқталған) күннен кейінгі есепті жылдың қорытындылары бойынша есептеледі.

1. Болжамды мәндерді айқындау формуласы:

Инвестициялық фазадағы инвестициялық жобалар

ИЭТ = ҚЭМ бойынша ЭТ \* инвестициялық жобаға жоспарлы қатысу үлесі

Ескертпе: ЭТ көрсеткіші жобалық қуаттарды іске қосу кезеңінен кейінгі кезең үшін қабылданады;

2. Жобаны іске асырудың пайдалану фазасындағы іс жүзінде мәндерді айқындау формуласы

Пайдалану фазасындағы инвестициялық жобалар

ИЭТ = экспорттаушылар құжатпен растаған экспорт көлемі \* инвестициялық жобаға іс жүзінде қатысу үлесі.

Шартты белгілердің толық жазылуы кестеден кейін берілген.

\*\*\* "ЭКА" АҚ үшін экспорттық түсімнің сомасы құралдардың екі тобы бойынша жеке есептеледі, олардың әрқайсысы үшін экспорттық түсімді есептеудің арнайы тәсілі қолданылады:

1) құралдардың бірінші тобы үшін есепті жылдың ішінде қолдау көрсетілген кәсіпорындардың жиынтық экспорттық түсімін қосу тәсілі қолданылады: "Қарыздарды сақтандыру", "Жобалық қаржыландыруды сақтандыру", "Лизингті сақтандыру", "Облигациялар бойынша экспорттаушының АҚЖ сақтандыру", " Валюталық операциялар бойынша экспорттаушының АҚЖ сақтандыру", "Кепілдіктерді сақтандыру", " Аванстық төлемдерді қайтару бойынша экспорттаушының АҚЖ сақтандыру", "Қаржы ұйымдарының алдындағы АҚЖ сақтандыру", "Қаржы ұйымдарының залалдарын сақтандыру".

2) құралдардың екінші тобы үшін есепті жылдың ішінде сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің мөлшері шегінде қолдау көрсетілген кәсіпорындардың экспорттық түсімін қосу тәсілі қолданылады: "Экспорттық кредиттерді сақтандыру", "Аккредитивтерді сақтандыру", "Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру", "Факторингті сақтандыру", "Экспорттаушының жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты залалдарын сақтандыру", "Шетелдік банк берген банктік кепілдіктерді сақтандыру", "Шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандыру".

Ескертпе: жоғарыда көрсетілген екі топта санамаланған құралдардың тізбесі "ЭКА" АҚ тиісті ішкі нормативтік құжатында "ЭКА" АҚ жаңа құралдарының әзірленуіне қарай толықтырылуы мүмкін.

5.	Нарықта жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерінің жалпы санына шаққанда қаржылық	%	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті	X / Y * 100 %, мұндағы X – 2024 жылдан бастап жинақталған ҚДБ, Даму, АНК, Q I C құралдары арқылы қолдау тапқан бірегей МШОК субъектілерінің саны Y – есепті жылдың соңындағы нарықта жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерінің саны * ҚДБ және QIC үшін бұл ҚТК стратегиялық болып табылмайды	7	Д а м у жоспары/ есепті жылдағы д а м у жоспарының орындалуы бойынша есеп
----	--	---	---	---	---	---



	қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі		дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін ұлғайту жөніндегі міндеттерін іске асыру үшін	және ҚТК (Х) алымы холдинг деңгейінде жоспарлы және іс жүзіндегі мәндерді шоғырландыру мақсатында ҚДБ және ҚІС даму жоспарының 3-нысанына декомпозицияланады. АНК үшін бөлгіште жұмыс істеп тұрған шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің саны ғана ескеріледі.		, ҚДБ, Даму, АНК, ҚІС деректері, ҚР СЖРА ҰСБ деректері
6.	АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жыл ішінде)	млрд теңге	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібінің дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының және Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған	АӨК субъектілерінің АНК мен ҚДБ кредиттері мен лизингі, ЕДБ, КС, МҚҰ, ЛК қорландыру, ЕДБ-ның қоса қаржыландыруы, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қатысатын ТИҚ-нің тікелей инвестициялары есебінен негізгі құралдарды сатып алуы және ҚМЖ	536	АНК, ҚІС және ҚДБ даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы

			тұжырымдамасының Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі міндеттерін іске асыру үшін	жүргізуі мақсаттарына арналған қаржыландыру (кассалық әдіс бойынша) көлемінің сомасы		бойынша есептер
7-міндет. Экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру						
Қызметтің 2-стратегиялық бағыты. Үлестік қаржыландыру экосүйесін дамыту						
7.	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның қаражат бірлігіне шаққанда ҚР - ға тартылған инвестицияла	коэффициент	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға	Х/Ү, мұндағы Х – шетелдік қатысуы бар тікелей инвестициялар қорларындағы Q I C инвестицияларының шегергенде, бірлескен инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде шетелдік инвестицияларды қоса алғанда, шетелдік қатысуы бар тікелей инвестициялар қорларының (шетелдік қатысуы бар таратылған тікелей инвестициялар қорларын қоспағанда) бүкіл өміршеңдігі ішінде жүзеге асырылған ҚР жобаларына инвестицияла	кемінде 2	Бекітілген даму жоспары, QIC даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы туралы бекітілген есеп, ТИҚ атауларын, есепті кезеңдегі ҚР жобаларына іс жүзіндегі инвестициялар туралы ақпаратты (есепті күнге абсолютті мәндер), инвесторлардың үлестерін (оның ішінде шетелдік)

	р коэффициенті		арналған тұжырымдама сының негізгі капиталға инвестициялар тарту бөлігіндегі міндеттерін іске асыру үшін	рдың іс жүзіндегі көлемі; Ү – шетелдік қатысуы бар тікелей инвестициялар қорларының бүкіл өміршеңдігі ішінде жүзеге асырылған шетелдік қатысуы бар тікелей инвестициялар қорлары (шетелдік қатысуы бар таратылған тікелей инвестициялар қорларын қоспағанда) арқылы ҚР жобаларына Q I C инвестицияларының іс жүзіндегі көлемі	көрсете отырып, ЕҰ лауазымды тұлғасы қол қойған осы көрсеткіштің орындалуына және (немесе) мониторингін е жауапты Q I C бөлімшесінің есебі және Т И Қ деректеріндегі Q I C және өзге де параметрлер.
8.	Салынған капиталдың жиынтық құны (total Value to	коэффициент	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың	TVPI* = Total Value / Paid-In Capital Total Value – Q I C инвестициялық портфелінен және Q I C инвестициялық портфелінің ағымдағы баланстық құнынан жалпы қайтарымдар сомасы (қазынашылық операцияларды қоспағанда) Paid-in Capital – Q I C инвестицияларының жалпы	Бекітілген даму жоспары, Q I C даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы

кемінде 1,5

	Paid-in Capital , TVPI)		2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдама сының негізгі капиталға инвестициялар тарту бөлігіндегі міндеттерін іске асыру үшін	салынған көлемі * есептеу кезінде 2020 жылға дейін құрылған тікелей инвестициялар қорларының (ТИҚ) (кэптивтік қорларды қоспағанда), сондай-ақ қатысу үлесі QIC-ке берілген ТИҚ көрсеткіштері ескерілмейді		туралы бекітілген есеп
8-міндет. Халықтың әл-ауқатын жақсарту						
Қызметтің 3-стратегиялық бағыты. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету						
9.	Көпәтерлі тұрғын үйлер нарығын үлестік құрылыс	%	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029	X/Y*100 % X – есепті жылдағы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастырудың үш заңды тәсілі есебінен тұрғын үйді іске қосу көлемі (ҚТК кепілдігі (пайдалануға беру актілері), Е Д Б жобасына қатысу (QazReestr деректері), көппәтерлі тұрғын үйдің қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту (ЖАО рұқсаты) (QazReestr	82	ҚТК даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы бойынша есеп , ҚР СЖРА

	тетіктерімен қамтуды ұлғайту		жылдарға арналған тұжырымдама санының қолжетімді шаршы метр тұрғын үйдің жеткілікті санын қамтамасыз етуге арналған міндеттерін іске асыру үшін	деректері) және ҚТК құралдары есебінен іске қосылған тұрғын үй (ЖАО облигацияларын сатып алу, құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау, дайын тұрғын үйді сатып алу, қала құрылысы инвестициялық жобаларын қаржыландыру). Ү – тұрғын үйді іске қосу көлемі (көппәтерлі тұрғын үйлер), есепті жылдағы ҚР бойынша жиыны	Ұ С Б деректері, Ж А О деректері, Qazreestr деректері
10.	Бастапқы және салынып жатқан тұрғын үйге арналған қарыздар үлесін ұлғайту	%	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдама санының қолжетімді шаршы метр тұрғын үйдің	X/Y * 100 %, мұндағы X – бастапқы және салынып жатқан тұрғын үйді (КТҮ) сатып алуға берілген, оның ішінде есепті жылы ҚТК кепілдігімен қамтамасыз етілген қарыздардың сомасы Ү – есепті жылы берілген	Отбасы банктің даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы

			жеткілікті санын қамтамасыз етуге арналған міндеттерін іске асыру үшін	қарыздардың жалпы сомасы		жөніндегі есеп
11.	Тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезекте тұрғандардың үлесі (2024 жылдан бастап жинақталумен )	%	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспарының, Тұрғын үй-коммуналды инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының колжетімді шаршы метр тұрғын үйдің жеткілікті санын қамтамасыз етуге арналған міндеттерін іске асыру үшін	X/Y*100 % X – 2024 жылдан бастап жинақталған Отбасы банк (жеңілдікті ипотека) және ҚТК (сатып алумен жалға алу) желісі бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезекте тұрғандардың саны Y – есепті жылдың соңында кезекте тұрғандардың жалпы саны * ҚТК үшін бұл ҚТК холдинг деңгейінде жоспарлы және іс жүзіндегі мәндерді шоғырланлыр у мақсатында алым бөлігінде ғана декомпозицияланады.	8,8	Отбасы банк пен ҚТК даму жоспарының есепті жылдағы орындалуы бойынша есептер, ЖАО деректері

\

### 6-кесте. Холдинг қызметінің негізгі көрсеткіштері

<sup>1</sup> Көрсеткіштердің нысаналы мәндері индикативті болып табылады және Қазақстан экономикасы үшін күтпеген экономикалық дағдарыстардың және геосаяси жағдайдың нашарлауының ықтимал салдарын ескермейді

№ 3 және № 4 ҚТК есептеу әдістемелеріне шартты белгілер:

Т – өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түсетін түсім

ЭТ – экспорттық түсім

ЕҰ жоспар – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ұсынған қаржы құралдары үлесінің (оның ішінде берілген кепілдіктер, облигациялық қарыздар және басқалары ескеріледі) кәсіпорынның және/немесе ФЭМ деректеріне сәйкес есепті кезеңдегі кәсіпорынның борыштық міндеттемелеріндегі (амортизациялық құны бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағаланатын) жоспарлы орташа мәні

ЕҰ факт – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ұсынған қаржы құралдары үлесінің орташа мәні (оның ішінде берілген кепілдіктер, облигациялық қарыздар және басқалары ескеріледі) кәсіпорынның есепті кезеңдегі борыштық міндеттемелерінде (амортизациялық құны бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағаланатын), ФО деректеріне сәйкес

АҚҚҰ – инвестициялық жобаладағы АНК қаржыландыруының қатысу үлесі

ҚЭМ – жобаның қаржылық-экономикалық моделі

ИТ – инвестициялық жобалар бойынша түсім

ИЭТ – инвестициялық жобалар бойынша экспорттық түсім

Өсім коэфф. – 4,6 % – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2019 жылғы "Тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі" салаларындағы толық шығындар коэффициенті

Өсім коэфф. – 13 % – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2019 жылғы "Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер көрсету" салаларындағы толық шығындар коэффициенті

Стат. деректер – Қазақстан Республикасының статистикалық ақпаратты автоматтандырылған жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік және/немесе квазимемлекеттік органнан ресми түрде алынған ҚР кәсіпорындары бойынша жинақталған статистикалық деректер

ТӨНТ – өткен жылғы "Тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі" бағыты бойынша инвестициялық жобалардың іс жүзіндегі түсімі

ӨМНТ – өткен жылғы "Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы" бағыты бойынша инвестициялық жобалардың іс жүзіндегі түсімі

ҚЕ – кәсіпорынның қаржылық есептілігі

Б – есепті кезеңдегі тауардың және/немесе көрсетілетін қызметтердің экспорттық бағасының орташа мәні ресми деректер көздерінде ұсынылған іс жүзіндегі деректер бойынша есептеледі

ЭОТ – экспорттық және/немесе экспорт алдындағы операциялар бойынша түсім

ЭЭТ – экспорттық және/немесе экспорт алдындағы операциялар бойынша экспорттық түсім

ЭӨ – толинг қызметтерін (келушілерге қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтер) көрсететін кәсіпорындардың мониторингтік есебіне сәйкес заттай мәндегі экспорттық өнім

Ескертпе: Даму жоспарының мәтінінде пайдаланылған аббревиатуралардың толық жазылуы:

АНК – "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамы

Даму – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы

ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

ЕҰ – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ҚАҚ – "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамы

ҚДБ – "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы

ҚР СЖРА ҰСБ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

ҚР ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ҚТК – "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамы

МШОК – микро, шағын және орта кәсіпкерлік

Отбасы банк – "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы

ШОБ – шағын және орта бизнес

"ЭКА" АҚ – "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы

QIC – "Qazaqstan Investment Corporation" акционерлік қоғамы

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы  
холдингі" акционерлік  
қоғамының  
2024 – 2033 жылдарға  
арналған даму жоспарына  
1-қосымша

## "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ стратегиялық картасы

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – МЖЖ) бірінші деңгейдегі құжаты	МЖЖ екінші деңгейдегі құжаты	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ҚТК
1	2	3
Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ шоғырландырылған ҚТК		
		1) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның жалпы активтерінен кредиттік



Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспары		және инвестициялық портфельдің үлесі; 2) клиенттердің қанағаттануы;
Қызметтің 1 стратегиялық бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау		
Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспары	<p>Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі</li> <li>2) өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосылған құны</li> <li>3) өңдеу өнеркәсібі өндірісінің НКИ</li> </ol> <p>Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту тұжырымдамасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру</li> <li>2) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын ұлғайту</li> </ol> <p>Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ЖІӨ-дегі ШОК үлесі</li> </ol> <p>Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту тұжырымдамасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3) ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейі</li> <li>4) азық-түлік тауарларымен (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар) қамтамасыз етілу деңгейі</li> <li>5) ауыл шаруашылығына негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемін ұлғайту</li> <li>6) тамақ өнімдерін өндіруге негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемін өсіру</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>3) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жыл ішінде);</li> <li>4) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішінде);</li> <li>5) нарықта жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерінің жалпы санына шаққанда қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі;</li> <li>4) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішінде);</li> <li>6) АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жыл ішінде);</li> </ol>
Қызметтің 2 стратегиялық бағыты. Үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту		
Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспары	<p>Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3) өңдеу өнеркәсібінде негізгі капиталға салынған инвестициялар</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>7) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның қаражат бірлігіне шаққанда ҚР-ға тартылған инвестициялар коэффициенті;</li> <li>8) салынған капиталдың жиынтық құны (total Value to Paid-in Capital, TVPI);</li> </ol>
Қызметтің 3 стратегиялық бағыты. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету		
		9) нарықты үлестік құрылыс тетіктерімен қамтуды ұлғайту;

Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған Ұлттық даму жоспары	Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы 1) тұрғын үйдің қолжетімділігі	10) бастапқы және салынып жатқан тұрғын үйге арналған қарыздар үлесін ұлғайту; 11) тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезекте тұрғандардың үлесі (2024 жылдан бастап жинақталумен).
---	---	---

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарына  
2-қосымша

### "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарының тізімі

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.**

1. "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ
2. "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ
3. "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ
4. "Qazaqstan Investment Corporation" АҚ
5. "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" АҚ
6. "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" АҚ
7. "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ
8. "Bereke Bank" АҚ